

Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 733 қаулысымен

Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2022 № 733 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі А. Мамин

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 990 қаулысымен

бекітілген

Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

1. Мемлекеттік бағдарламаның паспорты

| | |
|--|--|
| Бағдарламаның атауы | Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы |
| Әзірлеуге негіздеме | <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 9 қазандағы № 185 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасы;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 772 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 59-тармағы;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 27 Жарлығымен бекітілген "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 91-тармағы;</p> <p>Елбасының "Нұр Отан" партиясының 2019 жылғы 27 ақпандағы XVIII кезекті съезінде айтылған өңірлік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі тапсырмасы</p> |
| Бағдарламаны әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар | <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, облыстардың, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының</p> |

| | | | | |
|--------------------------|---|----------|----------|----------|
| | әкімдіктері, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Қазгеология" ҰГК" АҚ (келісу бойынша) | | | |
| Бағдарламаның мақсаты | Басқарылатын урбандалу арқылы өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту | | | |
| Бағдарламаның міндеттері | <p>1. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар - функционалдық қалалық аудандарды дамыту</p> <p>2. Облыс орталықтарында, Семей қаласында орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту</p> <p>3. Функционалдық қалалық аудандар құрамына кірмейтін, халық саны 50 мың адамнан асатын моноқалаларды дамыту</p> <p>4. Аумақтары іргелес жатқан шекара маңындағы моно және шағын қалаларды дамыту</p> <p>5. Ауылдық елді мекендерді дамыту</p> | | | |
| Іске асыру мерзімдері | 2020 - 2025 жылдар | | | |
| | Нысаналы индикаторлар | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
| | 1. Урбандалу деңгейі*, % (жыл соңына) | | | |
| | Республика бойынша орташа | 59,5 | 60,1 | 60,7 |
| | Ақмола облысы | 48,6 | 49,0 | 49,3 |
| | Ақтөбе облысы | 70,7 | 71,2 | 71,7 |
| | Алматы облысы | 24,5 | 24,7 | 24,8 |
| | Атырау облысы | 53,3 | 53,9 | 54,5 |
| | Шығыс Қазақстан облысы | 62,8 | 63,4 | 64,0 |
| | Жамбыл облысы | 40,9 | 41,2 | 41,5 |
| | Батыс Қазақстан облысы | 53,7 | 54,3 | 55,0 |
| | Қарағанды облысы | 80,8 | 81,3 | 81,9 |
| | Қостанай облысы | 55,6 | 56,2 | 56,8 |
| | Қызылорда облысы | 45,1 | 45,7 | 46,3 |
| | | | | |

Нысаналы индикаторлар

| | | | | |
|--|------|------|------|--|
| Маңғыстау облысы | 43,3 | 43,6 | 43,9 | |
| Павлодар облысы | 71,8 | 72,3 | 72,8 | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 47,0 | 47,7 | 48,3 | |
| Түркістан облысы | 20,1 | 20,2 | 20,4 | |
| Нұр-Сұлтан қ. | 100 | 100 | 100 | |
| Алматы қ. | 100 | 100 | 100 | |
| Шымкент қ. | 100 | 100 | 100 | |
| 2. Өңірлер арасындағы халықтың жан басына шаққандағы Ж | | | | |
| республика бойынша | 3,1 | 3,0 | 3,0 | |
| 3. Халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсу қарқыны***, % | | | | |
| Республика бойынша орташа | 12,0 | 18,2 | 23,8 | |
| Ақмола облысы | 23,8 | 33,2 | 42,2 | |
| Ақтөбе облысы | 18,2 | 26,4 | 34,1 | |
| Алматы облысы | 27,4 | 38,9 | 50,4 | |
| Атырау облысы | 1,8 | 6,1 | 9,7 | |
| Шығыс Қазақстан облысы | 19,2 | 26,3 | 32,9 | |
| Жамбыл облысы | 12,7 | 17,8 | 22,1 | |
| Батыс Қазақстан облысы | 7,6 | 12,4 | 16,6 | |
| Қарағанды облысы | 13,8 | 18,9 | 23,3 | |
| Қостанай облысы | 25,5 | 35,2 | 44,5 | |
| Қызылорда облысы | 12,3 | 17,3 | 21,7 | |
| Маңғыстау облысы | 8,8 | 17,6 | 26,1 | |
| Павлодар облысы | 13,4 | 21,0 | 28,1 | |
| | | | | |

| | | | |
|----------------------------|------|------|------|
| Солтүстік Қазақстан облысы | 13,2 | 19,7 | 25,7 |
| Түркістан облысы | 4,8 | 9,5 | 13,6 |
| Нұр-Сұлтан қ. | 6,4 | 12,5 | 18,0 |
| Алматы қ. | 7,6 | 13,0 | 17,8 |
| Шымкент қ. | 5,1 | 10,0 | 14,4 |

*Урбандалу деңгейінің 2020 - 2025 жылдарға арналған болжамды мәндері 2000 - 2018 жылдардағы урбандалу деңгейінің өсу/төмендеу қарқыны негізінде есептелген.

**2020 - 2025 жылдарға арналған өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айырмасының болжамды мәндері 2016 - 2017 жылдар үшін 16 өңір бойынша және 2018 жыл үшін 17 өңір бойынша ЖӨӨ көлемінің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген.

***Халықтың нақты ақшалай кірістері өсу қарқынының 2020 - 2025 жылдарға арналған болжамды мәндері 2016 жылға қатысты нақты ақшалай кірістердің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген

*Урбандалу деңгейінің 2020 - 2025 жылдарға арналған болжамды мәндері 2000 - 2018 жылдардағы урбандалу деңгейінің өсу/төмендеу қарқыны негізінде есептелген.

**2020 - 2025 жылдарға арналған өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айырмасының болжамды мәндері 2016 - 2017 жылдар үшін 16 өңір бойынша және 2018 жыл үшін 17 өңір бойынша ЖӨӨ көлемінің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген.

***Халықтың нақты ақшалай кірістері өсу қарқынының 2020 - 2025 жылдарға арналған болжамды мәндері 2016 жылға қатысты нақты ақшалай кірістердің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген

*Урбандалу деңгейінің 2020 - 2025 жылдарға арналған болжамды мәндері 2000 - 2018 жылдардағы урбандалу деңгейінің өсу/төмендеу қарқыны негізінде есептелген.

**2020 - 2025 жылдарға арналған өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша айырмасының болжамды мәндері 2016 - 2017 жылдар үшін 16 өңір бойынша және 2018 жыл үшін 17 өңір бойынша ЖӨӨ көлемінің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген.

***Халықтың нақты ақшалай кірістері өсу қарқынының 2020 - 2025 жылдарға арналған

Қаржыландыру көздері мен көлемдері

болжамды мәндері 2016 жылға қатысты нақты ақшалай кірістердің өсу/төмендеу қарқынын талдау негізінде есептелген

Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көлемі: млн. теңге

| | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
|-----------------------|----------|----------|----------|
| РБ* | 95 636 | 123 151 | 66 415 |
| ЖБ* | 6 742 | 34 981 | 10 885 |
| Бюджеттен тыс қаражат | 15 | 305 | 318 |
| Барлық қаражат | 102 393 | 158 437 | 77 618 |

* Қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуі мен нақтылануына қарай нақтыланады.

2. Кіріспе

Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасын (бұдан әрі - Болжамды схема), Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сүру сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын, Елбасының "Нұр Отан" партиясының XVIII кезекті съезінде өңірлік саясатты іске асыру мәселелері бойынша айтылған тапсырмаларын іске асыру үшін әзірленді.

Болжамды схема өңірлік саясатты іске асырудың құралы болып табылады және халықты қоныстандыру, инфрақұрылымды орналастыру, аумақтарды тиімді пайдаланудың өзге де аспектілері бөлігінде елдің дамуының ұзақ мерзімді пайымын айқындайды.

Болжамды схемада Қазақстан қазіргі заманғы жаһандық трендтерге (жаһандану, экономиканы цифрландыру, сыртқы көші-қон) ұшыраған ашық жүйе ретінде қаралады. Болжамды схемада елдің шикізаттық емес жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі - ЖІӨ) өсу драйвері ретінде ірі және үлкен қалаларды дамыту перспективаларының теориялық негіздері айқындалды.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде шешілетін міндеттерді ескере отырып, мынадай терминдер қолданылады:

1) агломерация - бір (моноорталықты) немесе бірнеше (полиорталықты) өзек-қалалардың айналасына жақын орналасқан, өзара тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге де байланыспен біріккен, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісі бар елді мекендердің урбанизациялық топталуы.

Қазақстандағы агломерацияларды айқындаудың негізгі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

орталық қаланың (астана, республикалық маңызы бар қала, облыстық маңызы бар қала) әкімшілік мәртебесі;

өңір халқының тығыз орналасуын, көші-қон ағынын, ресурстық базаны (жер, су, азық-түлік ресурстарын) қамтитын демографиялық сыйымдылық;

ыңғайлы географиялық орналасуын, халықаралық көлік дәліздерінің өтуін, көлік торабы мен инфрақұрылымның болуын білдіретін логистикалық әлеует;

экономикалық әлеует, яғни орталық қаланың дамуы (индустриялық-инновациялық, сервистік, еңбек, қаржы, ғылыми әлеует);

2) функционалдық қалалық аудан (бұдан әрі - ФҚА) - бұл өңірлік деңгейдегі агломерациялық құрылымдардың аналогы. Бұл ретте ФҚА:

а) халқының саны кемінде 100 мың адам болатын және тығыздығы 1 ш.м. кемінде 1000 адам болатын (бұл ретте басқа ФҚА бөлігі немесе моноқала болып табылмайтын) өзек-қала;

б) өзек-қаладан 30 км аспайтын радиуста орналасқан, өзек-қалаға күнделікті маятниктік көші-қонға еңбекке жарамды халқының кемінде 15%-і қатысатын айналадағы елді мекендер;

3) моноқала - бұл өнеркәсіп өндірісінің және еңбекке жарамды халықтың басым бөлігі (20 % және одан астамы), әдетте, бір бейіндегі және шикізаттық бағыттағы (мономамандану) бір немесе бірнеше (көп емес) қала түзуші, бұл ретте қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді айқындайтын кәсіпорындарда шоғырланған қала.

Моноқалалар санатына халқының саны 10 мыңнан 200 мың адамға дейінгі, мына өлшемшарттардың бірімен сипатталатын қалалар жатқызылған:

қаланың қала түзуші кәсіпорындарының өнеркәсіптік өндірісінің, негізінен, өңдеу секторының көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 %-інен астамын құрайды (мономамандану);

жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санына 20 %-тен астамы қаланың қала түзуші кәсіпорындарында жұмыс істейді;

қала түзуші кәсіпорындары қазіргі уақытта ішінара жұмыс істейтін немесе қызметін тоқтатып қойған қалалар (бұл ретте - көбінесе, моноқалаларға қаламен экономикалық тығыз байланыстағы қала маңындағы кенттер мен ауылдық елді мекендер әкімшілік бағынысты болады);

4) шағын қала - халқының саны 50 мың адамға дейінгі қала;

5) тірек ауылдық елді мекен - сол жерде тұратын халықты және іргелес орналасқан ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) тұрғындарын мемлекеттік және ауылдық кластерді құрайтын әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым жасалатын абаттандырылған ауылдық елді мекен.

Ауылдық кластер - тірек ауылдың және оның айналасында шамамен 10-15 км қашықтықтағы ауылдардың жиынтығы. Бұл ретте ауылдық кластерлерді қалыптастыру бойынша қашықтық Қазақстан Республикасының қалың қоныстанған өңірлері үшін 10 км (Түркістан, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстары) және орташа қоныстанған өңірлері үшін 15 км (Атырау, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары) құрайды;

6) шекара маңындағы аумақтар - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан 50 километрге дейінгі арақашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылымдардың және елді мекендердің аумақтары;

7) экономикалық өсу орталықтары - елдің немесе өңірдің экономикасында инновация мен прогресс көздерінің функциясын орындайтын, "ауқым әсерінің" арқасында өндіріс факторларының тартылыс полюстері (шоғырлануы) болып табылатын, сондай-ақ жаңа тауарлар шығаратын және қызметтер көрсетілетін қарқынды дамып келе жатқан салалардың кәсіпорындары орналасқан нақты елді мекендер.

Осы Мемлекеттік бағдарламада экономикалық өсу орталықтарының қатарына :

ел ауқымында - "бірінші деңгейдегі" қалаларда (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар) орталықтары бар ФҚА;

өңірлер ауқымында - "екінші деңгейдегі" қалаларда (облыс орталықтары, Семей қаласы) орталықтары бар ФҚА қосылған;

8) уәкілетті орган - өңірлік даму саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органы;

9) Өңірлік саясат жөніндегі кеңес - Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

10) Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия - уәкілетті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі - ВАК);

11) "зәкірлік" инвестициялық жоба - Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторларында іске асырылатын және моно- немесе шағын қала экономикасын әртараптандыруға бағытталған, кемінде 50 тұрақты жұмыс орнын құру жоспарланған орташа инвестициялық жоба.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Өңірлерді дамыту бағдарламасы 2014 жылдан бері іске асырылып келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен Мемлекеттік бағдарлама мәртебесі берілді) және агломерацияларды, моно- және шағын қалаларды, сондай-ақ даму әлеуеті жоғары ауылдарды дамыту мәселелерін қамтиды.

2019 жылы осы Бағдарламаның алғашқы бесжылдығы аяқталады және оны іске асыру қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер алынды.

4 ірі агломерацияның (Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе және Шымкент қалалары мен оларға іргелес елді мекендерінің) халық саны 1 млн. адамға артты.

Моноқалаларда сумен жабдықтау желілерінің тозуы 10%-ке және электр желілерінің тозуы 12%-ке төмендеді.

5 жыл ішінде 17 мың әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына "Дипломмен ауылға!" бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алуға жеңілдетілген бюджеттік кредит берілді.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қолдау шеңберінде ауылдарды жайластыру бойынша 8 мың жоба іске асырылды. 700 мыңға жуық ауыл тұрғындары үшін инфрақұрылым жақсарды.

Аталған іс-шараларға барлығы 252 млрд. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, сумен жабдықтауды және тұрғын үй салуды дамыту бойынша іс-шаралар жүргізілді.

2017 жылдан бастап тұрғын үй салу бойынша іс-шаралар 2015 - 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй - құрылысы бағдарламасына біріктірілді. 2020 жылдан бастап сумен жабдықтау, су бұру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын болады.

Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылған 5 жыл ішінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға 1,4 трлн. теңге бөлінді.

Дүниежүзілік Банктің (бұдан әрі - ДБ), БҰҰ Даму бағдарламасының (бұдан әрі - БҰҰДБ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) зерттеулері қазіргі уақытта мемлекеттер экономикалық өсуінің ұзақ мерзімді драйверлері жекелеген салалар немесе өңірлер (облыстар) емес, тұрмыс жағдайы тартымды ірі қалаларда жұмыс күшінің (талантты жастар мен мамандардың) шоғырлануы болып табылатынын куәландырады. БҰҰДБ "Урбандалу Қазақстандағы инклюзивті және тұрақты дамудың үдеткіші ретінде" атты 2018 жылғы Қазақстан Республикасындағы адам дамуы туралы ұлттық баяндамада қала халқының үлесі 60%-тен аз болған кезде жан басына шаққанда 10 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кіріс деңгейіне шын мәнінде бірнеше ел

ғана қол жеткізгенін атап көрсетті. Осыған байланысты, урбандалудың өзі экономикалық өсуге кепілдік бермесе де, урбандалу болмағанда тұрақты экономикалық даму жүрмейді.

Экономикалық тұрғыдан дамыған елдердің өңірлік дамуын талдау қалалардың өсуі әлеуметтік-экономикалық өсудің Қазақстан үшін де маңызды институционалдық шарт болып табылатынын кәуаландырады. Айталық, Адами даму индексі бойынша елдердің үздік "отыздығында" урбанизация деңгейі 80% және одан көп. ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш орта есеппен 77%-ке жетті. Іс жүзінде Қазақстан сияқты аумағы ұлан-байтақ және аудан бірлігіне шаққанда халықтың тығыздығы төмен, бірақ жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі жоғары немесе серпінді дамып келе жатқан елдерде де осындай жағдай байқалады. Мәселен, Аустралияда қала халқының үлесі шамамен 90%-ті, Канадада - 82%-ті, Аргентинада - 87%-ті, Бразилияда - 75%-ті құрайды. Сонымен қатар қала халқының негізгі бөлігінің әлемдегі ең ірі және танымал қалаларда (Сидней, Мельбурн, Торонто, Монреаль, Буэнос-Айрес, Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро және басқалар) тұруы барлық аталған елдерге тән болып табылады.

Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы 2006 жылы қабылданған болатын. Құжаттың бірегейлігі - Қазақстанда алғаш рет облыстардың бірқалыпты дамуының қолданыстағы теориясына қайшы елдік және өңірлік деңгейлерде экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру қажет деп танылғанында. Бұл астананы, республикалық маңызы бар қала - Алматыны қаласын және облыс орталықтарын басымдықпен дамытуды білдіреді. Бұл Стратегияға ірі және үлкен қалалардың өсуі немесе урбанистік процестер мен экономиканың инновациялық дамуы, тұрмыс сапасының жақсаруы арасында тікелей тәуелділік бар деген идея салынды.

Жалпы соңғы 10 жылда қала халқының саны ауыл халқының өсуімен салыстырғанда озыңқы қарқынмен өсіп келеді. Мәселен, 2009 жылдан бастап 2019 жылға дейін еліміздің барлық халқының өсуі 15,1% болса, қала тұрғындарының саны (жыл басындағы деректер) 23,5%-ке, ауыл тұрғындары - 5,2%-ке артты.

Қазақстанда урбандалу деңгейі 2019 жылдың басында 58,2%-ті құрады немесе 2018 жылы 0,8 проценттік тармаққа (2017 жылы - 57,4%, 2016 жылы - 57,2%, 2015 жылы - 56,8% және 2014 жылы - 56,6%) артты.

Алайда, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясында және Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістікте дамуының болжамды схемасында белгіленген ірі және үлкен қалаларды дамыту жөніндегі шараларға қарамастан, Қазақстанда урбандалу қарқыны біркелкі жүрген жоқ. Мәселен, 1990 жылдан бастап 2001 жылға дейін қала халқының үлесі 54,8%-тен

50,3%-ке дейін азайды және 2019 жылғы 1 қаңтарда 58,2% деңгейіне жетті. Бұл деректер 28 жыл ішінде қала халқының нақты өсуі (қандай да бір себептермен) небәрі 3%-ті құрағанын куәландырады, урбандалу деңгейі: Оңтүстік Кореяда 7 жылда (1980 - 1987 жылдар), Сауд Арабиясында - 8 жыл (1974 - 1982), Малайзияда - 12 жыл (1996 - 2008) ішінде 56%-тен 70%-ке дейін жетті.

Қазақстанда урбандалудың жеткіліксіз қарқынынан басқа қалалық дамудың басқа да бірқатар проблемалары бар. Бұл:

1) елдің "толық урбандалмауы", өйткені көптеген шағын/орта қалалар (27 моно және 41 шағын қала) бар, ал 3 ірі қаланың (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) үлесіне халықтың тек 21%-і ғана келеді. Бұл ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінен төмен - орташа: 38% (ЭЫДҰ, Астана қаласындағы семинар, 2018 жылғы 4-7 желтоқсан);

2) шағын қалалармен және ауылдық жерлермен салыстырғанда елдің ірі қалаларындағы тұрмыс құнының жоғары болуы, сондай-ақ астанадан тыс жерлерде жалға берілетін тұрғын үйдің болмауы (мысалы, Францияда тұрғын үй қорының 40%-і - жалға берілетін тұрғын үй). Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында тұрмыс құны еліміз бойынша орташа көрсеткіштен 190%-ке және 240%-ке қымбат. 2018 жылғы 4-7 желтоқсанда Астана қаласында ЭЫДҰ ұйымдастырған семинарда ДБ өкілі атап өткендей, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында тұрғын үй шығыстары "Сан-Франциско және Ванкувер сияқты танымал эксклюзивті қалаларға қарағанда қолжетімді емес". Осыған байланысты қазіргі жағдайда ауылдық отбасылар жұмыспен қамту перспективасы жақсы, ал орташа кірісі жоғары ірі қалаларға еркін көшіп бара алмайды. Қалаларда тұрмыс құнының жоғары болуы, жалға берілетін тұрғын үй нарығының жоқтығымен қатар ең серпінді елді мекендерді кірісі төмен отбасылар, яғни ауыл тұрғындары мен шалғайдағы моно және шағын қалалардың тұрғындары үшін қолжетімсіз етеді;

3) АҚШ-қа, Жапонияға, Канадаға, Қытайға және басқа да экономикалық дамыған мемлекеттерге қарағанда, халықтың ішкі ұтқырлығының жеткіліксіз болуы. Алайда, ішкі көші-қон елдің болашақ экономикалық өсуінің шешуші факторы болып табылады, өйткені даму драйверлері болып табылатын ірі қалаларда мамандар шоғырлануы қажет;

4) "жалған урбандалу" элементтерінің қалыптасуына байланысты ауыл тұрғындарының қалалық ортаға нашар интеграциялануы, яғни қала тұрғындарының өсуі және қаланың жаңа тұрғындарын мәдени-экономикалық ортаға тартпай, аумақтарды кеңейту. Мәселен, қалаларда тұрғындар маргиналданған және өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауылдық тұрмыс салтын ұстанатын ошақтар пайда болады;

5) жеке тұрғын үй құрылысының басым болуы, негізінен, қалалардың шетінде тұрғындары аз (жинақы емес) тұрғын аудандарды қалыптастырады. Бұл аудандар көбіне коммуналдық инфрақұрылыммен, бірінші кезекте кәрізбен толық көлемде қамтамасыз етілмейді.

6) ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес ("Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі елдік бағдарлама жобасын іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 10 қаулысына сәйкес әзірленген және жарияланған қалалық даму саясатына шолу) қалалардың бір бөлігінде экономикалық, әлеуметтік, экологиялық шараларды кешенді түрде көздейтін, сондай-ақ жерді ұтымды пайдалану (әсіресе қалалар шетінде) және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуды қаржыландыру мәселелерін шешетін даму тұжырымдамасы жеткілікті баяндалмауына байланысты бар қалалардың бас жоспарларының жекелеген ережелерін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, бюджеттік жоспарларға сәйкестендіру қажет. Өңірлерде қалалық дамудың ескірген тәсілдері сақталуда, қалалық ортаның қазіргі заманғы сапа стандарттары мен даму қағидаттарының қолданылуы нашар. Қалаларда мамандандырылған аумақтар - орталық-шеткі, тыныш және өнеркәсіптік аудандар, сауда аудандары мен көлікті пайдаланбаса, халық бара алмайтын демалыс аймақтары сол күйі қалуда. Қалалардың шетіндегі тұрғын үй құрылысы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге және рекреация аймақтарына нұқсан келтіріп, қала аумақтарын ұлғайту жүзеге асырылады.

Жалпы урбандалу деңгейінің жеткіліксіз болуы және жоғарыда атап өткендей ірі қалалар халқының жеткіліксіз үлесі (елдің "урбандалмауы") өңірлердің дамуындағы елеулі сәйкессіздіктерге әкеп соғады. Мәселен, 2018 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (бұдан әрі - ЖӨӨ) бойынша осы көрсеткіштің мәні ең жоғары және ең төмен өңірлер (Атырау және Түркістан облыстары) арасындағы айырмашылық 15 есені құрайды. Бұл бір жағынан, шикізат тауар нарықтарында қалыптасқан баға конъюнктурасына негізделген Атырау облысы бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің айтарлықтай өсуімен (2017 жылы 9,4 млн. теңгеден 2018 жылы 12,6 млн. теңгеге дейін) байланысты. Сонымен қатар, бірқатар облыстарда (Алматы, Жамбыл, Түркістан) жан басына шаққандағы ЖӨӨ республикалық орташа көрсеткіштен (3-4 есе) айтарлықтай төмен (3,3 млн. теңге). Бұл үш өңір ауыл халқының үлесі жоғары урбандалу деңгейі ең төмен (40%-тен аз) және тиісінше жұмыспен қамтуда проблемалары бар әрі табысы төмен облыстар болып табылады.

Өңірлердің дамуындағы сәйкессіздік инженерлік және көлік инфрақұрылымымен біркелкі қамтамасыз етілмеуден де көрінеді. Мәселен, мына облыстарда жергілікті автомобиль жолдарының үлес салмағы қанағаттанағысыз жай-күйде екені байқалады: Батыс Қазақстан - 72%, Ақтөбе - 50,5%, Атырау - 48,9%, Солтүстік Қазақстан - 42% және Қызылорда - 37%. Өңірлердің орталықтандырылған сумен жабдықталу деңгейі ауылдық жерлерде Жамбыл (53,3%), Шығыс Қазақстан (51,1%), Батыс Қазақстан (44,8%), Қостанай (31,2%), Павлодар (27,9%) облыстары аз қамтамасыз етілгендігін көрсетеді. Маңғыстау 3,8%, Солтүстік Қазақстан 0,6%, Қызылорда 0,4% облыстары бойынша АЕМ су бұру жүйелерімен қамтамасыз етілген. АЕМ-нің су бұрумен қамтамасыз етілуіне жүргізілген талдауға сәйкес Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында бұл жүйелер жоқ. Бұдан басқа, Батыс Қазақстан облысында электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 85%-ке дейін жетеді, жекелеген елді мекендерде (Арқалық және басқалары) жылу көздері жабдығының тозуы 85%-ке дейін жетеді.

Урбандалудың жеткіліксіз деңгейі, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын қоспағанда, өңірлер экономикасының шикізаттық бейіні, ауыл шаруашылығындағы төмен еңбек өнімділігі, тартылатын инвестициялардың жеткіліксіз көлемдері, экономиканың жекелеген секторларының дамымауы да (өңдеу өнеркәсібі, ішкі туризм және басқалар) облыстар бөлінісінде халық табысындағы тұрақты теңсіздікке ықпал етеді.

Өңірлер бойынша халық табысындағы аталған теңсіздіктер экономиканы әртараптандыру жолымен мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың "Еңбек" мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде шешілуде. Бұл ретте елдің жеделдетілген басқарылатын урбандалуы қалаларда жоғары табысты жұмыс орындарының артуымен байланысты өңірлер арасындағы теңсіздіктерді төмендетуге тікелей әсер ететін болады.

ФҚА-ның дамуына қатысты. Негізгі қала тұрғындары мегаполистерде шоғырланған аумағы үлкен елдер бойынша жоғарыда келтірілген мысалдарға қарағанда, Қазақстанда миллиондық қалалардан басқа облыс орталықтарын да дамыту қажет. Бұл идеяның дұрыстығы БҰҰДБ дайындаған 2018 жылғы Қазақстан Республикасындағы Адами даму туралы ұлттық баяндамада расталған. Мәселен, құжатта "Әлемнің әртүрлі елдері тұрғындардың ірі қалаларда шоғырлануының түрлі модельдерін іске асыруға ұмтылуы қажет. Кейбір елдер тұрғыны 20 миллион адамнан асатын суперқалаларды (мысалы, Шанхай немесе Бейжің) немесе тұрғыны 55 миллион адамнан асатын (мысалы, АҚШ-тағы үш штаттың көп бөлігін біріктіретін Нью-Йорк агломерациясы) мегаөңірлерді дамытуға басымдық береді. Алайда, "мегаполистер соңғы 15 жылда жаһандық

өсудің қозғаушы күші болып табылғаны туралы қате түсінік кең таралған... Керісінше, 2025 жылға қарай 577 орташа қала (тұрғыны 150 000-нан 10 миллион адамға дейін) жаһандық өсудің жартысынан астамын қамтамасыз етеді деп күтілуде" (McKinsey, 2011)."

Бұл ретте Елбасының 2019 жылғы тапсырмасы шеңберінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері қала тұрғындарының - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе қалаларының, барлық облыс орталықтары мен Семей қаласының перспективалы санын ескере отырып, елдің ірі қалаларын дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиясын әзірлеуде.

Жергілікті атқарушы органдарға ұйымдық-әдістемелік көмек көрсету үшін Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың даму стратегияларын әзірлеу бойынша әдістеме қабылданды (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 3 бұйрығы). Осы Әдістемеді ірі қалалардың стратегияларын әзірлеу тәртібі, құжаттың құрылымы, ірі қалалардың перспективадағы даму пайымын мазмұндау тәсілдері бойынша ұсынымдар берілген. Жалпы, Қазақстанның ірі және үлкен қалаларының ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жай-күйіндегі айырмашылықтарға қарамастан, олардың дамуының жалпы тұжырымдамалық трендтері (үрдістері) бар, оларды аталған стратегияларды әзірлеу кезінде ескеру қажет.

Бұл үрдістерді республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыс орталықтары мен Семей қаласын дамыту стратегияларының тиісті бөлімдерінде ашу қажет:

1) қала дамуының стратегиялық пайымы және оның әлемдік және өңірлік (еуразиялық) кеңістіктегі рөлі;

2) қала дамуының стратегиялық бағыттары:

экономиканы жүйелі түрде әртараптандыру (өндірістегі жаңа технологиялар; экономиканы цифрландыру; жасыл экономика, университеттер мен кәсіпорындардың тығыз ғылыми-өндірістік байланысы; көрсетілетін қызметтер саласын, оның ішінде туризмді, қаржылық көрсетілетін қызметтерді және басқаларды дамыту; экономиканың креативті секторларын дамыту (жарнамалық қызмет, сәулет, дизайн, визуалды қазіргі заманғы өнер және басқалар); ұзақ мерзімді перспективаға қала брендин қалыптастыру; жоғары сыныпты шетел мамандары мен отандық таланттар үшін өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасау;

адами даму (жоғары сыныпты мектеп, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін жағдайлар жасау, әлемдік/өңірлік (еуразиялық) деңгейдегі университеттерді қалыптастыру, әлемге танымал университеттердің филиалдарын тарту, дамыған мәдениет саласы, сапалы

денсаулық сақтау және салауатты ұзақ өмір, халықтың жоғары табысы, қолжетімді және жайлы тұрғын үй, жоғары сыныпты инженерлік және көлік инфрақұрылымы, дамыған қоғамдық көлік);

қоршаған орта: сапалы экология және қолайлы қалалық орта (шағын қалалық құрылыс, негізіне жаяу жүргінші немесе велосипед жүруге басымдық бере отырып, объектілерге "қадамдық" қолжетімділік, жасыл қалалық орта және басқалар);

smartcity/цифрландыру - қалалық инфрақұрылымды тиімді басқару үшін қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді қалыптастыру және пайдалану (қауіпсіздік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, экология, қаланы басқару, бизнес және басқалар);

қалалық жоспарлау. Қалалардың даму стратегияларында транспаренттілік, қала құрылысы және сәулет қызметі бойынша жоспарланған шараларды бизнес-қоғамдастық пен халықтың қолдауы, қала құрылысын жоспарлаудың нақты қаланың даму стратегиясына сәйкестігі көзделуге тиіс. Қалалық жоспарлаудың нысаналы индикаторларын айқындау кезінде БҰҰ-Хабитат, ЭЫДҰ және ДБ тәсілдерін, қаланың ұсынылып отырған кеңістіктік дамуы бойынша бизнес-қоғамдастық пен халық арасындағы сауалнама нәтижелерін пайдалану қажет.

Жалпы, қаланың даму стратегиясының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1191 қаулысымен бекітілген қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын үлгілік талаптарға сәйкес қоғамдық тыңдаулар өткізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде табысты және тұрмыс сапасын арттыру арқылы қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Жолдауда әрбір өңір мен ірі қала қолда бар бәсекеге қабілетті артықшылықтарды ескере отырып, тұрақты экономикалық өсу мен жұмыспен қамтудың өзіндік моделіне сүйене отырып, дамуға тиіс екен атап өтілді.

Осыған байланысты әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі мен қолжетімділігінің, көлікпен, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық және басқа да инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің нақты көрсеткіштерін қамтитын тірек ауылдардан республикалық маңызы бар қалаларға дейінгі әртүрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін (бұдан әрі - өңірлік стандарттар жүйесі) әзірлеу тапсырылды.

Осы тапсырманы іске асыру үшін 2019 жылғы сәуірде орталық мемлекеттік органдардың (Ұлттық экономика, Мәдениет және спорт, Индустрия және

инфрақұрылымдық даму, Білім және ғылым, Цифрлық даму, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Денсаулық сақтау министрліктері) өңірлік стандарттар жүйесін бекіту жөніндегі бірлескен бұйрығы қабылданды.

Өңірлік стандарттар жүйесі елді мекендердің типіне (қала, ауыл) және ауқымына (халық санына) байланысты тұрғындарға объектілер мен көрсетілетін қызметтерге (игіліктерге) қолжетімділіктің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз етуді көздейді.

Өңірлік стандарттар жүйесі мыналарға арналған:

1) орталық мемлекеттік органдар үшін - елдің әлеуметтік-экономикалық, өңірлік дамуын жоспарлау кезінде;

2) жергілікті атқарушы органдар үшін - өңірлік проблемаларды шешу және нақты елді мекендерде тұрмыс сапасын арттыру мақсатында.

Өңірлік стандарттар жүйесінің мынадай қағидаттары айқындалды:

1) қалалық жерлер үшін: барлық қалалардың тұрғындар "20 минуттық қадаммен қолжетімділік" қағидаты бойынша бара алатын объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуі. Қалалық елді мекендерде Өңірлік стандарттар жүйесін енгізу үшін қаланың селитебті аумағын әрқайсысында шамамен 10 мың адам тұрғыны бар жоспарлау секторларына шартты түрде бөлуге және әрбір жоспарлау секторының аумағында инфрақұрылымдық объектілер мен көрсетілетін қызметтердің міндетті тізбесін орналастыруға шешім қабылданды. Бұл ретте тұрғын саны 10 мың адамнан аз қалаларды бір жоспарлау секторы деп есептеу ұсынылады;

2) ауылдық жерлер үшін: ауылдарды дамыту перспективасы негізінде олардың объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуі (аудан орталықтары, ауылдық округтер орталықтары, тұрғыны саны аз қалған ауылдар).

Аудан орталықтары үшін объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктер) тізбесі 32, ауылдық округтер орталықтары - 24, қалған ауылдар - 12, қаладағы жоспарлау секторы үшін - 51 атаудан (осы Мемлекеттік бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес) тұрады.

Жалпы, Өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлері мен талаптарын айқындау Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2030 жылға дейінгі болжамды схемасында көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжатын іске асыру мақсатында өңірлік стандарттар жүйесінің ережелері осы Мемлекеттік бағдарламаға интеграцияланған.

Адамдардың тығыз қоныстануынан, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның жай-күйінен, тұрмыс құны мен тұрмыс сапасының басқа да

параметрлерінен басқа қалалар мен өзге де елді мекендер тартымдылығының маңызды факторы өмір сүру қауіпсіздігі мен қалыпты экологияны қамтамасыз ету болып табылады.

Өңірлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада көзделген Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық бағыттарының бірінде көрініс тапқан. Стратегиялық бағытқа сәйкес Тұжырымдаманы іске асырудың есептік мерзіміне дейін барлық ірі қалалар мен тұрғындарының саны 5 мың және одан асатын елді мекендерді мемлекеттік өртке қарсы қызметтің кепілді қорғауымен қамтамасыз ету қажет.

Осы бағытты іске асыру қосымша 532 өрт сөндіру бөлімшесін, оның ішінде 130 - орталық деңгейде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету есебінен, 402 - "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес берілген өкілеттіктер шеңберінде жергілікті атқарушы органдар есебінен құру талап етіледі.

Бұл шаралар төтенше жағдайларға ден қоюдың тиімді жүйесін құруға, адамдардың қаза табуы мен жарақаттануын азайтуға, материалдық залалды азайтуға және нәтижесі ретінде елдің өртке қарсы қорғанысын қамтамасыз ету деңгейін 56,6%-тен 100%-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта республика аумағын өртке қарсы қорғауды 422 өрт сөндіру бөлімшелері жүзеге асыратынын және соңғы 11 жылда елде тек 18 өрт сөндіру депосының ғимараты (оның ішінде 4 - Нұр-Сұлтан қаласында, 3 - Щучье-Бурабай курорттық аймағында, 2 - Алматы қаласында, Көкшетау, Тараз, Жаңаөзен, Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент және Арал қалаларында, сондай-ақ Атырау облысының Ганюшкино және Алматы облысының Достық кенттерінде бір-бірден) салынғанын атап өткен жөн.

Жыл сайын мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері дабыл бойынша шығуы 50 мың реттен асады, оның ішінде 16 мың реттен астам өртке және 3,5 мың реттен астам авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге шығады. Орта есеппен жыл сайын өрт салдарынан 600 адам қаза табады, материалдық шығын 6 млрд. теңгеден асады.

Төтенше жағдайлар салдарларына теріс ықпал ететін факторлардың бірі өртке қарсы қызмет объектілерінің алыс орналасуы болып табылады, бұл өрт сөндіру есептоптарының шақыру орындарына кеш келуіне әкеп соқтырады.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне сәйкес елді мекендерде өртке қарсы қызмет бөлімшелерін орналастыру бірінші

өрт сөндіру бөлімшесінің қалалардағы шақыру орнына шақырылған сәтінен 10 минуттан кешікпей, ал ауылдық елді мекендерде - 20 минуттан кешікпей келу шарты негізінде айқындалады.

Қазіргі уақытта өрт сөндіру топтарының шақыру орнына уақтылы келу (нормативтік ден қою) көрсеткіші белгіленген мәннен асып кетеді және шығу:

1) Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында - тиісінше 7,6%-ті, 33,2%-ті және 32%-ті;

2) облыс орталықтарында - 24,5%-ті;

3) басқа қалаларда - 18,1%-ті құрайды.

Қалалардағы өрт сөндіру бөлімшелерінің ден қою уақыты орта есеппен белгіленген нормативтік 10 минуттан 5 минутқа асып кетеді.

Өрт сөндіру бөлімшелерінің төмен тығыздығы, әсіресе ауылдық жерлерде өрт пен төтенше жағдайларға жедел ден қою мүмкіндігін төмендетеді. Жекелеген өңірлерде жедел ден қою уақытының көрсеткіші 36 минутты құрайды, ал кейде 1 сағатқа дейін жетеді. Бұл ретте тұрғын секторда болған өрттің жалпы санының 44 %-тен астамы ауылдық жерлерге тиесілі.

Ауылдық жерде шақыру орнына өрт сөндіру есептоптарының нормативтік ден қою көрсеткіші белгіленген мәннен асып кетеді (20 минуттан астам) және шығудың 38,1 %-ін құрайды.

Өрттің өсуі және олардың салдарының маңыздылығы өрт сөндіру бөлімдерінің инфрақұрылымын кеңейту қажеттігін тудырады. Осыған байланысты өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін орталық мемлекеттік органдар деңгейінде де, жергілікті атқарушы органдар деңгейінде де белсенді қарау талап етіледі.

Тағы бір проблема өткен ғасырдың 50-70-ші жылдары салынған, бейімделген және құрылыс пен санитариялық нормалар талаптарына сай келмейтін өрт сөндіру деполары ғимараттарының тірек қабілетінің біртіндеп бұзылуы болып табылады (мұндай ғимараттар 231 немесе 55%).

Қазіргі уақытта өрт сөндіру депосының 18 (5,5%) ғимараты ұзақ пайдалану нәтижесінде авариялық күйде және мамандардың қорытындыларына сәйкес ғимараттың тірек конструкцияларының құлау қаупіне байланысты бұзуға жатады (Батыс Қазақстан - 6, Ақтөбе - 3 , Ақмола - 2, Шымкент қаласы, Атырау, Павлодар, Жамбыл, Қостанай, Қарағанды, Алматы облыстарында - 1).

Аталған проблемалық мәселелерді шешу және аталған өрт сөндіру бөлімшелеріне қызмет көрсету радиусын сақтау, сондай-ақ белгіленген нормаларға сәйкес төтенше жағдайларға ден қоюдың нормативтік уақытын қамтамасыз ету мақсатында авариялық ғимараттар орнына жаңа өрт сөндіру депосын салу талап етіледі.

Осы мәселені оңтайлы шешу, сондай-ақ бюджет қаражатын үнемдеу үшін тез тұрғызылатын қабырғалық сэндвич-панельдер мен блок-контейнерлерді пайдалана отырып, модульдік конструкцияларды монтаждау талап етіледі, олардың технологиясы Қазақстанда және шетелде өнеркәсіптік, сондай-ақ тұрғын үй құрылысында белсенді қолданылады.

Осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде оны іске асырудың есептік мерзімдеріне сәйкес авариялық өрт сөндіру деполарын бұзу және 18 модульдік өрт сөндіру депосын монтаждау ұсынылады.

Республика аумағында Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Алматы, Шымкент қалаларында 156 елді мекенде сел қозғалу қаупі бар.

Республика бойынша сел қаупі бар 617 және көшкін қаупі бар 306 учаске анықталды. 10 мыңнан астам объект және 60 мыңнан астам тұрғын сел ағындары мен көшкіндердің ықтимал әсер ету аймағында.

Бұдан басқа, республика аумағында көшкін қаупі бар 599 учаске бар, олардың 200-ден астамы 200-ден астам әртүрлі объектілерге, автомобиль және теміржолдарға (Шығыс Қазақстан облысы, Алматы облысы, Алматы қаласы), сондай-ақ 4,9 мың тұрғындарға (Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Алматы облысы, Түркістан облысы, Жамбыл облысы) тікелей қауіп төндіреді.

Осыған байланысты, тұрғындарды қорғауды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

1) Алматы облысындағы Түрген, Қора, Чажә өзендерінде, Жамбыл облысындағы Мерке өзенінде сел ұстайтын бөгеттер;

2) Алматы облысындағы Тентек, Шығыс Қазақстан облысындағы Сарымсақты өзендерінің бассейндеріндегі селден қорғау жағалауын бекіту бөгеттері;

3) Алматы қаласы Мохнатка, Шығыс Қазақстан облысында Зубовка тауларында қар ұстайтын қалқандар;

4) Шығыс Қазақстан облысында "Өскемен-Самара" автомобиль жолы бойында (132-137 км), Жамбыл облысының "Көксай" шатқалында қар ұстайтын қалқандар;

5) Шымкент қаласының шегінде Бадам өзенінің арнасын тұрақтандыру;

6) Алматы облысындағы Талғар өзені бассейнінде сырғымаға қарсы құрылыс салу талап етіледі.

Еліміздегі азаматтық қорғаудың хабарландыру жүйесі өткен ғасырдың 70-ші жылдарының соңында пайдалануға енгізілді. Қолда бар аппаратура 100% аналогтық және ақпарат берудің қазіргі заманғы цифрлық жүйелерімен интеграцияны қамтамасыз етпейді. Жабдықты жұмысқа қабілетті күйде ұстау өте қиын, өйткені ол өндірістен алып тасталған.

Ел халқын аумақтық деңгейде шұғыл хабардар ету үшін 2 236 электр дабылы бар, олармен қалалар мен аудан орталықтарында тұратын тұрғындардың шамамен 60%-ін хабардар етуге болады (қосымша 4800 электр дабылын орнату талап етіледі).

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, облыс және аудан орталықтарында жергілікті бюджет қаражаты есебінен хабардар етудің жергілікті жүйесін құру бойынша жұмыс жүргізуде.

Хабардар ету жабдығын үнемі әзірлікте ұстау және істен шығу фактілерін анықтау мақсатында "Барлығыңыз назар аударыңыз!" бірыңғай хабарландыру сигналын беріп, ай сайын жаттығу өткізу ұйымдастырылған.

Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Түркістан облыстары хабарландыру құралдарымен жарактандыруға барынша мұқтаж, оларда электр дабылдарымен жарактандыру проценті өңірдің жалпы қажеттілігінің 20%-інен аспайды. Сонымен қатар, Ақмола, Алматы, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында хабарландыру жүйелерін құру бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Экологиялық реттеу саласында ЭЫДҰ стандарттары мен талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мәселен, қалдықтарды басқару саласында өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) тетігі тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау үшін инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік берді: кәсіпорындар саны 115-тен 170-ке дейін артты, 11 өңірде сынап шамдарын жинауға арналған контейнерлер желісі құрылды, 9 өңірде электр жабдығын бөлек жинау, 6 өңірде екінші шикізатты қабылдау пункттерінің желісі жұмыс істейді. Осылайша, республика бойынша әртүрлі кезеңдерде бөлек жинау 51 қала мен ауданда, ал сұрыптау - 30 елді мекенде енгізілді. Сұрыптау кешендерінде мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

2019 жылдан бастап пластмассаны, макулатураны, картон мен қағаз қалдықтарын, шыныны көмуге тыйым салынады. Алайда, іске қосылған тетік қолданылмайды, өйткені өңірлерде тиісті инфрақұрылым жоқ.

Жалпы, қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу мәселелері мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын жүйелі тәсіл құруды талап етеді.

Өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің маңызды тетігі шикізаттық емес салаларды дамыту әлеуетін барынша пайдалануға және шикізат ресурстарын өңдеу тереңдігін арттыруға бағытталған өңіраралық байланыстарды жандандыру болып табылады.

Қазіргі уақытта өңірлер арасындағы өңіраралық кооперация негізінен шикізат, құрылыс, энергетикалық кешендер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

кәсіпорындарына отандық өндірушілердің шикізат, материалдар, жинақтаушылар мен жабдықты жеткізуге бағытталған және мақсатқа бағдарланбаған жүйесіз сипатта. Жобаларды іске асыру кезінде басқа салаларда осы бейінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың болуы ескерілмейді, бұл тауар нарықтарында тиімсіз (қажетсіз) бәсекелестік тудырады.

Облыстардың кәсіпорындары арасындағы кооперациялық байланыстар нашар дамыған күйде қалуда, бұл өнеркәсіптік өндірісті қолдауға және қызметтер көрсетуге байланысты басымдықтарды табысты іске асыру үшін елеулі кедергілер тудырады.

"Бірінші деңгейдегі" қалалар (агломерациялар)

Қалалық агломерациялар объективті түрде әлемнің көптеген елдерінде қазіргі заманғы қоныстандырудың негізгі нысандарына айналууда. АҚШ-та барлық халықтың 76%-тен астамы агломерацияларда тұрып жатыр, олардың ең ірісі Нью-Йорк (11,3 мың шаршы км, 23,3 млн. адам) және Лос-Анджелес (5,8 мың шаршы км, 18,6 млн. адам) агломерациялары.

Еуропада әлемдік деңгейдегі агломерациялар Лондон (11 мың шаршы км, 13,4 млн. адам) және Париж (12 мың шаршы км, 12 млн. адамнан астам) болып табылады.

Қытайда - Шанхай (7,1 мың шаршы км, 18,6 млн. адам), Бразилияда - Рио-де-Жанейро (4,6 мың шаршы км, 12,1 млн. адам), Аргентинада - Буэнос-Айрес (2,7 мың шаршы км, 14,6 млн. адам), Үндістанда - Колката (1,8 мың шаршы км, 15,6 млн. адам) және басқа да дамушы елдерде урбандалған аумақтар тез қарқынмен қалыптасып келеді.

Дамушы елдерде агломерациялардың дамуы өзіндік ерекшелікке ие. Оларға халық пен экономиканың барлық салаларының кейбір жетекші және аса ірі орталықтарға үдемелі шоғырлану моделі тән. Халықтың ауылдық жерлерден ірі және аса ірі қала орталықтарына көшуі жоғары қарқынмен жалғасатын болады.

ДБ-ның "Экономикалық географияға жаңа көзқарас" деген 2009 жылғы әлемдік даму туралы баяндамасында "Әлемдегі өндіріс көлемінің жартысы планета аумағының бір жарым процентіне шоғырланған. Мысыр аумағының бар-жоғы 0,5 процентін иеленетін Үлкен Каир ел ЖІӨ-сінің жартысынан астамын өндіреді" деп қорытынды жасалған.

Қалалардың елдердің экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратынын басқа да деректер куәландырады. Мәселен, 2015 жылы әлемдік ЖІӨ-нің 85%-і қалаларда қалыптасты (PwC, 2019). Сол жылы әлемнің 300 ірі қаласында әлем халқының 19%-і тұрып, бұл қалалар әлемдік ЖІӨ-нің 48%-ін қалыптастырды (ErnstandYoung, 2015).

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік бойынша 2016 - 2017 жылдарға арналған Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) баяндамасында елдер мен

олардың өңірлерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын қалалардың бәсекеге қабілеттілігінің маңыздылығына баса назар аударылады.

Бұл үрдісті Қазақстан бойынша да көруге болады. Мәселен, 2018 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары бойынша елдің ЖІӨ-дегі жалпы өңірлік өнімінің үлес салмағы 9,8%-ті және тиісінше 20,6 %-ті құрады (2017 жылы - 10,6% және 21,8%, 2016 жылы - 10,4% және 22,6%, 2015 жылы - 11,8% және 22,3% және 2014 жылы - 10,1% және 20,5%) немесе 30,4% (халықтың жан басына шаққанда 5,5-6,7 млн. теңге шегінде), бұл басқа өңірлерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Алайда, егер қала орталықтарын дамыту "өз бетіне жіберілсе", экономикалық әлеуеті төмен ауылдық жерлер мен шағын қалалардан халықтың бақыланбайтын көші-қон процестері тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым қуатына шамадан тыс жүктеменің қалыптасуына, шеткері қала қоныстарында әлеуметтік-экономикалық маргиналдану аймақтарының туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

Латын Америкасы, Азия және Африка елдеріндегі жекелеген қалалық агломерацияларға тән мұндай үрдіс экономикалық артта қалу мен теңсіздікті консервациялаумен қатар әлеуметтік тұрақсыздыққа да ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар "бірінші деңгейдегі" қалалар болып айқындалды. Қалыптасып келе жатқан қалалық агломерацияларда елдің бүкіл халқының үштен бір бөлігінен астамы шоғырланған.

2018 жылы "бірінші деңгейдегі" қалаларда орталықтандырылған агломерациялар тұрғындарының орташа жылдық саны 7 005,4 мың адамды құрайды, бұл ел халқының жалпы санының 38,1%-і (2017 жылы - 6 525,6 мың адам, 2016 жылы - 6 605,9 мың адам, 2015 жылы - 6 088,3 мың адам және 2014 жылы - 5 790,1 мың адам). Бұл ретте Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары тұрғындарының саны Қазақстан жағдайларында агломерациялық әсерлер іске асырылатын деңгейден (500 мың адам) асып кетеді.

Агломерациялардың проблемаларын шешу үшін 2013 жылдан бастап Үкімет қаулыларымен бекітілген Астана және Алматы агломерацияларын дамыту жөніндегі (2013 жылғы 18 маусымдағы № 611 және 2013 жылғы 6 маусымдағы № 581) іс-шаралардың 2020 жылға дейінгі өңіраралық жоспарлары, 2014 жылдан бастап Астана қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді жоспары (2014 жылғы 19 маусымдағы № 681 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы) іске асырылды.

Алматы облысында 2008 жылдан бастап Алматы қаласының "G4 City" 4 серіктес қаласын дамыту бойынша жоба іске асырылуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 302 қаулысымен Алматы агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілген. 2030 жылға дейін Алматы қаласының бірінші серіктес қаласын (Gate City) салу бойынша ТЭН әзірленді.

Бірінші серіктес-қала Gate City (Қала қақпасы) тұрғын үй салынатын және агроөнеркәсіптік кластер кәсіпорындары орналастырылатын индустриялық аймағы бар іскерлік орталық ретінде жоспарланған.

Gate City бас жоспарына сәйкес (Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы 26 сәуірдегі №14-80 шешімімен бекітілген) серіктес қала аумағы 2370 га құрайды, тұрғындарының 2030 жылға дейінгі болжамды саны - 60 мың адам. Функционалдық толықтыру: тұрғын үй аймағы оңтүстік бөлігімен шектелген (1,4 млн шаршы метр тұрғын үй, 304 га), солтүстігіне қарай көліктік-сервистік торапта, индустриялық аймақта (535 га), агроөнеркәсіп кластерінің кәсіпорындарында еңбек ету орындары қамтамасыз етіледі.

"Алматы облысында Алматы қаласының 4 серіктес қаласын салу бас жоспарлардың негізгі ережелері" жобасының ТЭН негізінде (Алматы облыстық мәслихатының 16 жылғы 12 мамырындағы № 2-22 шешімімен бекітілген) Алматы облысында "Gate City" бірінші серіктес қаласының "инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің құрылысы 1-ші кезек" ҚЭН әзірленді және жоба бойынша жұмыстар басталды".

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін орындау үшін экономикасы бәсекеге қабілетті және халықтың тұрмыс сапасы жоғары агломерацияларды қалыптастырудың ерекше өзектілігін ескере отырып, Алматы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 мамырдағы № 302 қаулысы), Астана (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 726 қаулысы), Шымкент (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 74 қаулысы) және Ақтөбе (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 наурыздағы № 109 қаулысы) агломерацияларын аумақтық дамытудың өңіраралық схемалары қабылданды.

Өңіраралық схемалар агломерациялар аумақтарын дамыту перспективаларын және олардың инфрақұрылымға деген ұзақ мерзімді қажеттілігін айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Өңіраралық схемалардың ережелерін іске асырудың кезектілігі, қаржыландыру көздері мен көлемі мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары деңгейінде айқындалады.

Жалпы, қалалардың бәсекеге қабілеттілігі адами капитал деңгейіне, орнықты әлеуметтік-экономикалық даму ортасына, қалалардың жаһандық экономика үшін

ашықтығына, агломерацияны дамытуды инклюзивтілік (ашықтық) қағидаттарында басқаруға байланысты екенін ескеру қажет. Сонымен қатар, агломерацияларды тиімді қалыптастыру үшін инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды озыңқы дамыту, мегаполистердің шетіндегі тұрғын үйлерді жаңғырту бойынша шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар, агломерацияларды тиімді қалыптастырудағы агломерация орталығы моно- және шағын қалалармен және агломерацияның шеткері аймағында орналасқан басқа да елді мекендермен үйлестіре дамытудың маңызы жоғары. Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласының ықпал ету аймағында шағын Ақкөл қаласы, Алматы қаласында - Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Шымкент қаласында - Леңгір; Ақтөбе қаласында - Алға, Хромтау моноқалалары орналасқан. Бұл өзара тығыз байланыс, бірінші кезекте, ірі қалаларға үнемі (күнделікті) маятниктік көші-қон түрінде қамтылады.

Агломерацияларды дамыту мәселелерін шешуді мемлекеттік бағдарламаларды сол сияқты тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде ескеру қажет.

Ірі қалаларда "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "ақылды қала" тұжырымдамасын іске асыру жұмысы басталды, ол халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және оларға қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында қала мүлкін басқару үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) мен Заттар интернетіне (IoT) интеграциялауды білдіреді. АКТ қалалар әкімдіктеріне қоғамдастықтармен және қалалық инфрақұрылыммен тікелей өзара іс-қимыл жасауға және қалада не болып жатқанын қадағалауға мүмкіндік береді. Жалпы, "ақылды қала" жобасы, негізінен, мынадай құрамдауыштардан тұрады: энергия жеткізу және энергиямен жабдықтау саласындағы шешімдер; су ресурстарын басқару: су жүйелерін жаңғырту, тұтыну мониторингі, экологиялық қауіпсіздік жүйелері; барлық инженерлік және ақпараттық жүйелер бірыңғай басқару жүйесіне интеграцияланған ғимараттар; мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану.

McKinsey халықаралық консалтингтік компаниясы 2020 жылға қарай 600 "ақылды" қала пайда болады деп болжауда. Болжам бойынша олар әлемдік ЖІӨ-нің кемінде үштен екісін өндіреді. Осыған байланысты, бұл маңызды жұмысты агломерация орталықтарында, сол сияқты басқа ірі және үлкен қалаларда жалғастыру қажет.

"Екінші деңгейдегі" қалалар

Қазіргі уақытта Қазақстанда "екінші деңгейдегі" қалаларға облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын облыстық маңызы бар 14 қала (Көкшетау, Талдықорған, Атырау, Орал, Тараз, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Ақтау, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Ақтөбе және Түркістан қалалары) жатады

. Бұл ретте Ақтөбе облысының орталығы Ақтөбе қаласы Болжамды схема және осы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде агломерацияның өзек-қаласы ретінде сәйкестендірілген. Облыстық маңызы бар, облыс орталығы болып табылмайтын Семей де "екінші деңгейдегі" қалаға жатқызылған. Бұл экономикасының құрылымына және тұрғындарының санына қарай Семей қаласының моно немесе шағын қала ретінде сәйкестендірілмейтініне байланысты. Бұл ретте бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің соңғы жылдардағы серпіні Семей қаласын дамыту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажеттігін куәландырады. Ал облыс орталықтары болып табылатын "екінші деңгейдегі" қалалар қазіргі уақытта облыстардың басқа аумақтарымен (елді мекендерімен) салыстырғанда, озыңқы қарқынмен дамуда.

"Екінші деңгейдегі" қалалар (Ақтөбе қаласын қоспағанда) тұрғындарының саны 2019 жылдың басындағы жағдай бойынша 4 006,5 мың адамды құрайды, бұл республикадағы жалпы халық санының 21,8 %-ін немесе елдің қала тұрғындары санының 37,4 %-ін құрайды (2017 жылы - 3 920,5 мың адам, 2016 жылы - 3 880,6 мың адам және 2015 жылы - 3 824,2 мың адам және 2014 жылы - 3 604,1 мың адам). Қаралып отырған кезеңде "екінші деңгейдегі" барлық қалаларда тұрғындар санының өсуі байқалады, бұл халықтың табиғи өсуінің оң мәндеріне және халық көші-қонының қалыптасқан оң сальдосына байланысты.

Осы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін салыстырмалы талдау қалалардың көбі өз өңірлерінде өндірістік, қаржылық және еңбек ресурстарының тартылыс және шоғырлану орталықтары болып табылатынын көрсетті.

1-кесте. "Екінші деңгейдегі" қалалардың (Ақтөбе қаласын қоспағанда) 2015 - 2018 жылдардағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

| Р/с № | Қалалық әкімшілік атауы | Тұрғындар саны, адам (жыл соңына) | | | |
|-------|-------------------------|-----------------------------------|-------|-------|-------|
| | | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
| 1. | Көкшетау | 159,4 | 159,9 | 159,8 | 159,3 |
| 2. | Талдықорған | 165,3 | 169,0 | 171,7 | 173,2 |
| 3. | Атырау | 302,2 | 314,2 | 327,9 | 338,8 |
| 4. | Өскемен | 333,0 | 335,7 | 341,1 | 343,8 |
| 5. | Орал | 288,4 | 295,6 | 304,0 | 309,5 |
| 6. | Тараз | 363,0 | 361,8 | 355,8 | 357,8 |
| 7. | Қарағанды | 498,0 | 500,6 | 501,4 | 497,9 |
| 8. | Қостанай | 231,9 | 235,3 | 239,7 | 243,0 |
| 9. | Қызылорда | 277,8 | 286,2 | 294,4 | 303,2 |
| 10. | Ақтау | 185,9 | 185,9 | 186,2 | 187,7 |
| 11. | Павлодар | 358,9 | 360,1 | 360,0 | 360,1 |
| 12. | Петропавл | 216,2 | 216,6 | 218,0 | 219,0 |

| | | | | | |
|-----|-----------|-------|-------|-------|-------|
| 13. | Семей | 343,6 | 344,4 | 347,3 | 348,9 |
| 14. | Түркістан | 257,0 | 259,4 | 262,8 | 164,7 |

1-кестенің жалғасы

| Р/с № | Қалалық әкімшілік атауы | Негізгі капиталға инвестициялар көлемі | | | | | | | |
|-------|-------------------------|--|-----------------------------|----------|-----------------------------|----------|-----------------------------|----------|-----------------------------|
| | | 2015 | | 2016 | | 2017 | | 2018* | |
| | | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % |
| 1. | Көкшетау | 28363 | 14,3 | 29368 | 13,2 | 28169 | 10,6 | 39 266 | 14,1 |
| 2. | Талдықорған | 51699 | 10,5 | 64043 | 12,1 | 55739 | 10,6 | 62 733 | 10,8 |
| 3. | Атырау | 633796 | 43,1 | 827626 | 40,6 | 642991 | 26,0 | 415 594 | 11,3 |
| 4. | Өскемен | 82 144 | 19,9 | 80410 | 18,4 | 115589 | 26,5 | 132 974 | 26,9 |
| 5. | Орал | 56292 | 15,4 | 51830 | 12,9 | 68926 | 16,2 | 91 871 | 20,4 |
| 6. | Тараз | 43704 | 22,5 | 56868 | 26,3 | 63389 | 28,1 | 71 339 | 27,0 |
| 7. | Қарағанды | 86391 | 25,2 | 95299 | 30,0 | 105737 | 29,1 | 119 737 | 24,5 |
| 8. | Қостанай | 38028 | 23,3 | 39531 | 22,2 | 59287 | 29,3 | 72 040 | 28,9 |
| 9. | Қызылорда | 135104 | 57,0 | 139761 | 64,7 | 103819 | 42,7 | 138 006 | 41,5 |
| 10. | Ақтау | 116222 | 25,3 | 104123 | 25,7 | 87089 | 20,0 | 134 680 | 26,7 |
| 11. | Павлодар | 137942 | 30,5 | 154498 | 35,1 | 219960 | 45,4 | 136 196 | 33,1 |
| 12. | Петропавл | 52 713 | 34,0 | 56 291 | 33,7 | 71508 | 37,3 | 67 615 | 31,6 |
| 13. | Семей | 47 264 | 11,5 | 46 862 | 10,7 | 62167 | 14,3 | 68 631 | 13,9 |
| 14. | Түркістан | 19258 | 4,6 | 20317 | 5,3 | 21719 | 4,5 | 36 257 | 11,5 |

1-кестенің жалғасы

| Р/с№ | Қалалық әкімшілік атауы | Өнеркәсіп өнімінің көлемі | | | | | | | |
|------|-------------------------|---------------------------|-----------------------------|----------|-----------------------------|----------|-----------------------------|-----------|-----------------------------|
| | | 2015 | | 2016 | | 2017 | | 2018 | |
| | | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % | млн. тг. | облыстық деңгейде н үлес, % |
| 1. | Көкшетау | 83694,5 | 25,0 | 99581,4 | 21,9 | 106302,3 | 18,9 | 105998,9 | 16,1 |
| 2. | Талдықорған | 39884,0 | 7,1 | 54 927,4 | 8,1 | 68020,5 | 8,5 | 71993,6 | 8,1 |
| 3. | Атырау | 178235,6 | 5,2 | 239024,8 | 5,3 | 406916,6 | 7,4 | 612008,9 | 8,6 |
| 4. | Өскемен | 634964,2 | 62,1 | 977430,6 | 64,9 | 977801,8 | 61,8 | 1089708,7 | 58,6 |
| 5. | Орал | 109328,5 | 8,4 | 128115,0 | 8,2 | 148308,4 | 7,7 | 166393,7 | 6,7 |
| 6. | Тараз | 185766,6 | 65,4 | 207938,9 | 60,9 | 230430,7 | 61,6 | 240144,4 | 57,0 |

| | | | | | | | | | |
|-----|-----------|-----------|------|-----------|------|----------|------|----------|------|
| 7. | Қарағанды | 274108,7 | 19,3 | 338107,7 | 17,4 | 381314,2 | 16,4 | 368653,8 | 14,6 |
| 8. | Қостанай | 159565,5 | 36,0 | 212091,7 | 35,4 | 279780,2 | 36,6 | 306297,0 | 34,7 |
| 9. | Қызылорда | 480894,9 | 80,0 | 508938,4 | 76,1 | 591397,1 | 80,9 | 800149,8 | 85,0 |
| 10. | Ақтау | 143036,7 | 9,1 | 184741,2 | 9,8 | 209640,9 | 9,0 | 202936,7 | 7,0 |
| 11. | Павлодар | 441639,4 | 42,3 | 587011,3 | 42,8 | 683282,0 | 38,4 | 786893,2 | 39,6 |
| 12. | Петропавл | 111 835,5 | 67,0 | 133 451,1 | 67,4 | 171020,7 | 71,1 | 162359,0 | 66,8 |
| 13. | Семей | 127044,5 | 12,4 | 161201,2 | 10,7 | 168415,2 | 10,6 | 185508,3 | 10,0 |
| 14. | Түркістан | 11 701,7 | 1,7 | 13634,0 | 1,7 | 12869,8 | 1,5 | 9757,3 | 2,2 |

"Екінші деңгейдегі" қалалардағы өнеркәсіптік өндіріс ауқымы 2018 жылы 5,2 трлн. теңгені құрады (2017 жылы - 4,4 трлн. теңге, 2016 жылы - 3,8 трлн. теңге, 2015 жылы - 3,0 трлн. теңге және 2014 жылы - 3,5 трлн.теңге), бұл өнеркәсіптік өндірістің жалпы республикалық ауқымының шамамен 18,7 %-ін құрайды.

2014 - 2018 жылдары "екінші деңгейдегі" қалалардағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы ауқымы 48,6 %-ке ұлғайды. "Екінші деңгейдегі" қалаларда - облыс орталықтарында өңдеу өнеркәсібінің салалары дамыған. Мәселен, осы қалалардың өнеркәсіптік өндірісінің құрылымын талдау өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіптік өндірісінің ауқымындағы үлесі орта есеппен 58,9 %-ті құрайтынын көрсетті.

Жалпы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларын қоспағанда, еліміздің басқа қалалық елді мекендерімен салыстырғанда облыс орталықтарының әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары. Мұны негізгі капиталға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар көлемі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығару, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері көлемі, тұрғындардың тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері сияқты деректер де айғақтайды. Мәселен, "екінші деңгейдегі" қалаларға республиканың облыстары бойынша негізгі капиталға орта есеппен инвестициялардың 25 %-і тиесілі. Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялар көлемінің - 39,3 %, бөлшек және көтерме тауар айналымы ауқымының - 24,3 % үлесі осыған ұқсас. Бұл ретте облыстармен салыстырғанда облыс орталықтары бойынша орташа жалақы жоғары.

Сонымен қатар, қалаларда шешуді қажет ететін проблемалар бар. Бұл - тиімсіз қоғамдық көлік, көлік кептелістері мен әуе кеңістігінің ластануы, инженерлік желілердің тым тозып кетуі және көрсетілетін коммуналдық қызметтер сапасының төмен болуы, сонымен бірге мемлекеттік бюджеттен басқа инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған қаржы құралдарының болмауы, тұрғын үй құрылысының жеткіліксіз болуы және заңды жалдамалы

тұрғын үй нарығының болмауы. Мәселен, муниципалдық (коммуналдық) тұрғын үй қоры Қазақстан қалалары бойынша орта есеппен шамамен 3 % құрайды, ал қалыптасатын оның 97 %-і жекеменшік тұрғын үйге тиесілі. Еуропаның дамыған елдерімен, әсіресе Скандинавиямен салыстырғанда республикада жалдамалы тұрғын үй нарығы қалыптаспаған (қазіргі уақытта бағалары жоғары "көлеңкелі" экономиканың бір бөлігі). Бұл ретте, негізінен қалалардың шет жағында тұрғындарының саны аз (жинақы емес) тұрғын аудандар жеке құрылыстың басым болуы үй құрылысына тән ерекшелік болып табылады. Бұдан басқа, көбінесе, бұл аудандар коммуналдық инфрақұрылыммен, бірінші кезекте кәріз жүйесімен толық қамтамасыз етілмеген. Елді мекендерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі жолға қойылмаған. Мұның барлығы жұмыс күшінің еркін қозғалысын, демалыс үшін сапалы қалалық орта құруды және басқа да процестерді тежейді.

Бұл ретте ДБ мен Азия банкінің деректері бойынша қазіргі уақытта республика қалаларының коммуналдық инфрақұрылымы объектілерінің орта есеппен 75 %-ке дейінгісі ауыстыруды немесе жаңғыртуды қажет етеді. Мысалы, аудандық жылу желілерінің 80 %-ке дейін ескіруі жылу энергиясының қомақты шығындарының себебі болып табылады. Алайда, облыс орталықтарындағы көрсетілген инженерлік инфрақұрылымның тозуы республиканың моно- және шағын қалаларынан айтарлықтай төмен екенін атап өту қажет.

Жалпы, ЭЫДҰ елдерінің практикасы ірі және үлкен қалаларды функционалдық қалалық аудандар түрінде дамыту тиімді екенін көрсетеді.

Алайда, көбінесе жақын маңдағы ауылдық округтерді қосу арқылы жасанды урбандалу байқалады, бұл қала шекарасын кеңейтуге, демек, құрылыс тығыздығының төмендеуіне әкеледі. Қалалар шекараларының бақыланбайтын кеңеюіне жергілікті деңгейде жерді пайдаланудың жеткілікті дәрежеде тиімді жоспарланбауы ықпал етеді.

Өңірлік саясатты жүргізу шеңберінде ФҚА құрамына кіретін моно- және шағын қалаларды, АЕМ-ді топтастыру жүргізілді (осы Мемлекеттік бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес).

Қалалардың экологиялық проблемалары. Қалалардың ластануы мен шаңдануының негізгі көзі көмір пайдаланылатын жылу электр станциялары және ұзақ пайдаланылған жеке автокөліктер болып табылады. Соңғысы көп жағдайда өңірлерде қалалық қоғамдық көліктің тозған күйде болуына байланысты. Ауаның ластануы ірі және үлкен қалаларда, атап айтқанда Алматы және Шымкент қалаларында ерекше өзекті проблема болып табылады. PM_{2,5} концентрациясы (көлемі 2,5 мк шаң) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жылдық жол берілетін шегінен асып кетеді. Ауаның ластануы тиісті деңгейде өлшенбейді.

Қалаларда, оның ішінде ірі қалаларда қазіргі заманғы технологиялар бойынша өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату жүйесі (Швеция тәжірибесі) жолға қойылмаған. Қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - ҚТҚ) полигондарынан уытты (улы) заттар жерасты суларына түседі немесе алыс қашықтыққа тарайды және одан әрі тірі табиғаттың айналымына түседі.

Осыған байланысты қазіргі уақытта әзірленіп жатқан Экологиялық кодекстің жобасында қалдықтарды басқару бойынша жаңа тәсілдерді, оның ішінде қауіпті қалдықтарды өңдеу қызметін лицензиялау, сондай-ақ ең жақсы қол жетімді және жасыл технологияларды кеңінен қолдануды мемлекеттік мадақтау және ынталандыруды көздейтін ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі және экологиялық заңнаманың халықаралық тәжірибесі ескерілген.

Экологиялық заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыты қоршаған ортаға теріс әсер тигізуге жол бермеу мақсатында алдын алу шараларын қабылдау үшін жағдайлар жасауды көздейтін "ластаушы төлейді" экологиялық қағидатын іске асыру болып табылады.

Көптеген қалалар негізінен бюджеттік трансферттер мен субсидияларға (70%-ке дейін) сүйеніп, өздерінің қаржылық қажеттіліктерін қамтамасыз етпейтініне назар аудару қажет. Бұл ретте облыстардың әкімдіктері орталық мемлекеттік органдарға көрінеу перспективалы емес елді мекендерде объектілер салуға бюджеттік өтінімдерді жиі ұсынады.

Республиканың ірі және үлкен қалаларында "қоғамдық кеңістік" дамымаған, бұл қала тұрғындарының тұрмыс жағдайын және елді мекендердің тартымдылығын айтарлықтай нашарлатады. БҰҰДБ деректері (2018) бойынша "Саябақтарды, қоғамдық орындарды және спорт алаңдарын қоса алғанда, жасыл аймақтар кез келген қалалық экожүйе үшін өте маңызды, өйткені олардың болуы жинақы тұруды неғұрлым тартымды әрі қолайлы ете отырып, тұрмыс сапасын арттырады. Неғұрлым көгалдандырылған аудандарда тұру психикалық денсаулықтың және эмоциялық жағдайдың жақсаруымен және барлық себептерден өлімнің төмендеуімен байланысты. Жасыл аймақтар санының көп болуы да қоршаған ортаның жай-күйі тұрғысынан бірқатар артықшылықтар береді, өйткені бұл қалаларда жылу бөлу мен парниктік газдар шығарындыларының төмендеуін қамтамасыз етеді. Жасыл аймақтар болуының маңыздылығы 2030 жылға қарай "барлық жасыл аймақтар мен қоғамдық орындарға, әсіресе әйелдер мен балаларға, қарттар мен мүгедектерге арналған қауіпсіз, қолжетімді және ашық жерлерге жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуге" шақыратын 11 орнықты даму мақсаттарының 7-міндетінде танылған. Бұдан басқа, Қазақстанда жасыл аймақтарға бөлінген қалалық кеңістік үлесі көп емес және орташа алғанда 5 процентті құрайды, ал еуропалық қалаларда бұл көрсеткіш шамамен 15 процентке тең."

Қалаларда құрылыс салудың жоғары тығыздығы қағидатының сақталмауына байланысты тұрғындар үшін объектілердің (әлеуметтік, демалыс, мемлекеттік қызмет көрсету және басқалар) "қадамдық қолжетімділігі" бойынша шаралар кешені қабылданбаған. Көптеген көрсетілетін қызметтерді алу үшін қала тұрғындарының автомобильді пайдалануына тура келеді, бұл да экологияны нашарлатады. Бұл проблеманы жоспарлы негізде шешу 2019 жылдан бастап орталық мемлекеттік органдардың өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы бірлескен бұйрығын қабылдаумен басталды.

Ірі және үлкен қалалардың маңында орналасқан АЕМ, моно- және шағын қалалар ФҚА орталықтарынан бөлек қаралады және қалалық дамуды жоспарлау мен реттеу процесіне қатыспайды.

"Үшінші деңгейдегі" қалалар (моно- және шағын қалалар)

Қазақстанда 41 шағын қала бар, 2018 жылдың қорытындылары бойынша олардағы тұрғындар санының орташа жылдық көрсеткіші 892,0 мың адамды құрайды (2017 жылы - 903,2 мың, 2016 жылы - 912,4 мың, 2015 жылы - 913,5 мың, 2014 жылы - 910,4 мың). Жалпы шағын қалаларда тұрғындар санының ұдайы төмендеуі байқалуда. Мысалы, 2018 жылдың өзінде-ақ тұрғындар саны 9,1 мың адамға азайды. Бұл негізінен олардың тұрғындарының ірі және үлкен қалаларға, сондай-ақ елден тыс жерлерге кетуіне байланысты. Мәселен, соңғы он жылда моно- және шағын қалалар бойынша көші-қонның теріс сальдосы 187,0 мың адамды құрайды, яғни осы елді мекендерге тұрақты тұруға келген адамдардан кеткен адамдардың саны артық болды.

Бұл ретте 41 шағын қаланың 32-сі тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Географиялық орналасуы бойынша қалалардың мынадай типтерін бөліп көрсетуге болады:

1) ФҚА-ның ықпал ету аймағында - Ақкөл, Алға, Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар, Щучинск, Леңгір;

2) ФҚА-дан шалғай шағын қалалар - Атбасар, Державинск, Ерейментау, Есіл, Макинск, Степняк, Қандыағаш, Шалқар, Жем, Темір, Ембі, Жаркент, Сарқант, Үшарал, Үштөбе, Аягөз, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Шу, Приозерск, Қарқаралы, Арал, Қазалы, Булаево, Мамлютка, Тайынша, Сергеевка, Арыс, Сарыағаш, Шардара, Жетісай, Форт-Шевченко;

3) республикалық және халықаралық маңызы бар автомобиль және теміржол магистральдары бойында - Ақкөл, Атбасар, Ерейментау, Есіл, Макинск, Щучинск, Алға, Қандыағаш, Шалқар, Жаркент, Қапшағай, Қаскелең, Сарқант, Аягөз, Шу, Приозерск, Арал, Ембі, Үшарал, Үштөбе, Зайсан, Шар, Шемонаиха, Арыс, Сарыағаш, Булаево, Мамлютка, Тайынша;

4) шекара маңындағы аумақтарда - Жаркент, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шемонаиха, Мамлютка, Булаево, Жетісай.

Моноқалалар тізбесі 27 бірлікті қамтиды. Республиканың моноқалалары тұрғындарының саны 2018 жылы орташа жылдық есеппен 1415,6 мың адамды құрайды (2017 жылы - 1415,6 мың, 2016 жылы - 1416,3 мың, 2015 жылы - 1410,9 мың, 2014 жылы - 1412,3 мың), олардың ішінде 8 моноқала тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Моноқалалар бірқатар белгілері бойынша да ерекшеленеді. Мәселен, орташа және үлкен қалалар бар - тұрғындарының саны 50 мың адам және одан көп - Балқаш, Теміртау, Жезқазған, Сәтбаев, Екібастұз, Риддер, Жаңаөзен, Степногор және Байқоңыр (Ресей Федерациясының ұзақ мерзімді жалдауында).

Бірқатар моноқалалар ірі және үлкен қалалармен тығыз экономикалық байланыста. Бұл ретте осы байланыс, ең алдымен ФҚА орталықтары - Хромтау, Текелі, Саран, Теміртау, Абай, Рудный, Ақсу, Кентау, Шахтинск қалаларына үнемі (күнделікті) маятниктік еңбек көші-қонын қамтиды.

Сонымен бірге, ФҚА-дан - ірі және үлкен қалалардың орталықтарынан шалғай орналасқан моноқалалар бар. Бұл - Балқаш, Шахтинск, Риддер, Степногор, Құлсары, Ақсай, Сәтбаев, Жезқазған, Жаңаөзен, Екібастұз, Алтай, Курчатов, Серебрянск, Жаңатас, Қаратау, Қаражал, Арқалық, Жітіқара, Лисаков моноқалалары.

Елдің 27 моноқаласының ішінен халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары бойында 5 қала (Балқаш, Теміртау, Жаңаөзен, Құлсары, Хромтау), республикалық маңызы бар 10 қала (Рудный, Ақсу, Арқалық, Абай, Жітіқара, Риддер, Курчатов, Кентау, Жезқазған, Қаражал), сондай-ақ шекара маңындағы аумақтарда - 1 (Жітіқара) қала бар.

Жалпы, моно- және шағын қалалардың тұрғындар саны ұлғаймайды. Мәселен, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде моно- және шағын қалалар тұрғындарының саны барлығы 52,5 мың адамға немесе 2216,0 мыңнан 2268,5 мыңға дейін ұлғайды, ал елдей қала тұрғындарының бәрінің, негізінен ірі және үлкен қалалар есебінен 2,0 млн. адамға ұлғайды. Бұл ірі және үлкен қалалармен салыстырғанда қала түзуші жалғыз кәсіпорында өндірістік қуаттардың қысқаруына, тұрмыс сапасы мен жағдайының төмен болуына байланысты. Мәселен, 2018 жылдың қорытындылары бойынша моно және шағын қалалардағы орташа айлық жалақы 126,6 мың теңгені (2017 жылы - 112,5 мың теңге, 2016 жылы - 106,2 мың теңге, 2015 жылы - 94,0 мың теңге және 2014 жылы 90,0 мың теңге), оның ішінде шағын қалалар бойынша - 104,8 мың теңге (2017 жылы - 98,5 мың теңге, 2016 жылы - 92,7 мың теңге, 2015 жылы - 81,3 мың теңге және 2014 жылы 78,6 мың теңге), моноқалалар бойынша - 159,7 мың теңге (2017 жылы - 134,5 мың теңге, 2016 жылы - 126,7 мың теңге, 2015

жылы - 113,7 мың теңге және 2014 жылы 107,8 мың теңге), ал орташа республикалық көрсеткіш - 162,3 мың теңгені құрайды. Бұл ретте моноқалалар бойынша бір жұмыскердің орташа айлығы атаулы жалақысының едәуір жоғары болуы жекелеген қалаларда - Ақсай (448,8 мың теңге), Жаңаөзен (435,4 мың теңге), Сәтбаев (235,1 мың теңге), Жезқазған (176,4 мың теңге) еңбекақының жоғары болуына байланысты екенін ерекше атап өту қажет.

Елдің шағын және моноқалаларының басым бөлігінде негізінен бұрынғы қала түзуші кәсіпорындардың немесе үстем саланың жай-күйіне байланысты проблемалар кешені бар. Сонымен бірге, республиканың қала түзуші кәсіпорындарының дамуы оларға көрсетілген мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда өндірістерді кезең-кезеңімен тікелей немесе жанама субсидиялау айтарлықтай экономикалық әсер бермейтінін көрсетеді. Бұл ретте ЭЫДҰ жариялаған "Қазақстанның қалалық саясатына шолу" атты жарияларымында атап өтілгендей, моноқалалардағы кәсіпорындарға берілетін субсидиялар мен мемлекеттік қолдаудың кез келген өзге нысаны тек уақытша сипатта болуға және жаңа, өзін-өзі ақтайтын, пайдалы, экономикалық перспективалары жақсы моноқалаларды әртараптандыруға ықпал ететін өндірістерге бағдарлануға тиіс. Бұл бірінші кезекте "зәкірлі" инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде ескерілуі қажет.

Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру мақсатында 2013 жылдан бастап 2019 жылғы маусымға дейін облыс әкімдіктерінің деректері бойынша 48 "зәкірлік" жоба іске асырды және 13 жоба іске асырылу сатысында. Жалпы іске асырылған жобалар ішінде 6 жоба Степногор қаласына тиесілі. Іске асырылған жобалар ішінде 32 кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді (66,7%), 7-еуі (14,6%) тоқтап тұр, 6-уында (12,5%) жүктеме жоқ және 3 кәсіпорын ауық-ауық жұмыс істейді (6,25%). Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда 9,0 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Сонымен қатар, іс жүзінде іске асырылған барлық "зәкірлік" жобалар инновациялық сипатта емес екенін және моноқалалардың экономикасын ұзақ мерзімді перспективаға әртараптандыруға бағытталмағанын атап өту қажет. Жобалар негізінен шикізатты өндірумен немесе бастапқы қайта өңдеумен байланысты - әктас өндірісі; құм, қиыршықтас, құм-қиыршықтас қоспасы, оңтайлы қоспа және асфальтбетон өндірісі; брусчатка, құрылыс материалдары мен инертті шаң және басқа да ұқсас күрделі емес өндірістер өндірісі.

Сонымен бірге, негізгі күш-жігер кәсіпкерлікті ынталандыруға - қайта даярлау курстарына, бизнес-инкубаторларды ұйымдастыруға, сондай-ақ "Бизнес жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қаржы құралдарына бағытталған қалаларда айтарлықтай ілгерілеу байқалады.

Жалпы, моноқалалардың экономикасын қайта құрылымдау кезінде қолда бар резервтер мен артықшылықтарды (туристік рекреациялық әлеует және басқалар) пайдалану қажет.

Моно- және шағын қалалар проблемаларының бірі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жай-күйі болып табылады. Су құбырының, кәріздің, жылу және электр желілерінің барынша тозуы қомақты қаржы салымын талап етеді. Мәселен, жекелеген моно-және шағын қалаларда су құбыры мен кәріз желілерінің тозуы 2018 жылдың қорытындылары бойынша 74-87%-ке жетеді ¹ (Рудный, Талғар қалалары).

Осы Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу шеңберінде экономикалық әлеуеті жоғары, орташа және төмен қалаларға мамандануын, сондай-ақ осы қалалардың тұрғындар санын көрсете отырып (осы Мемлекеттік бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес), шағын және моноқалаларды топтастыру жүргізілді.

Шекара маңындағы аумақтар

Қазақстан мен Ресей шекарасында экономика дамуында "әлеуеттің айырмасы" жоқ, Қазақстанның аудандарында да, Ресейдің көршілес ауылдық аймақтарында да дамуда айқын артықшылық жоқ. Қазақстанның батыс облыстарында және Тюмень облысында жан басына шаққандағы жоғары ЖӨӨ статистикалық шама болып қалуда, мұнай-газ кірістерінің басым бөлігі орталық бюджетке кетеді, бұл жеделдетіп дамытуға және өңірлердің өзінде жаңа жұмыс орындарын құруға кедергі жасайды. Орташа немесе нашар дамыған өңірлердің шекара маңындағы өзара іс-қимылы мардымсыз немесе алмасу номенклатурасы аз, көлеңкелі сауда үлесі қомақты.

Алайда Ресейдің шекара маңындағы аумақтарында Солтүстік Қазақстан облысынан ауыл жастарын қызықтыратын бірқатар ірі қалалар (Омбы, Қорған, Екатеринбург, Саратов, Орынбор және басқалар) бар екенін ерекше атап өту қажет.

Қытаймен серпінді дамып келе жатқан тауар айналымы, шекара маңындағы халықаралық сауда орталықтарының құрылуы, республиканың ішкі аумағына қарай басқа елдерге шығуға болатын көліктік қатынастарды дамыту бойынша қабылданған шаралар, туристік зор әлеует Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының шекара маңы аудандарының экономикасын дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Қытаймен шекаралас Алматы облысының Панфилов ауданында жаңа Нұркент қаласын салу жобасын іске асыру басталды. Жоба өте ірі көліктік-өнеркәсіптік торапты, жаңғыртылып жатқан Ұлы Жібек жолының даму шамасына қарай еліміздің басқа өңірлерінен еңбек көші-қонының реттелген процесін ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Еңбек

ресурстарын тартудың жаңа орталығын қалыптастыру өте ірі трансұлттық жобалардың: "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" көлік дәлізінің, "Қорғас - Шығыс қақпасы" арнайы экономикалық аймағының, "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының осы ауданда қиылысуына негізделген.

Жаңа Нұркент қаласының инженерлік инфрақұрылымын салу, жол құрылысы, көгалдандыру, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу (мектептер, балабақшалар, емханалар және т.б.), ішінара тұрғын үй салу бюджет қаражаты есебінен, тұрғын үй және коммерциялық құрылыс - қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік қолдауды ескере отырып, жеке инвесторлар қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Ауылдық елді мекендер

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика бойынша 6454 ауылдық елді мекен бар (2017 жылы - 6668, 2016 жылы - 6693, 2015 жылы - 6724, 2014 жылы - 6828). Бұл ретте көрсетілген күні ауылдық жерлерде 7697,0 мың адам тұрған.

2017 жылғы мониторингтеу қорытындысы бойынша АЕМ-нің жалпы санының 1309-ы жоғары, 4775-і - орташа, 477-төмен даму әлеуетіне сәйкес келеді. 3509 АЕМ-де тұрғын саны аз (500 адам және одан аз) және оларда ауыл тұрғындарының бар болғаны 8,9 %-і тұрады. Бұл ретте әрқайсысында 5 мың адам және одан да көп тұрғын бар 278 ауыл бар. Жалпы қолданыстағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес АЕМ білім беру және денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілген. Мәселен, 2016 жылдың қорытындылары бойынша ауылдардың 73 %-інде білім беру объектілері бар (2015 жылы - 74%, 2014 жылы - 74%) және ауылдардың 80 %-і денсаулық сақтау объектілерімен қамтылған (2015 жылы - 81%, 2014 жылы - 81%). 2016 жылғы деректер бойынша АЕМ-нің электрмен және телефон байланысымен қамтамасыз етілуі 98 %-ті құрайды. Орталықтандырылған газбен жабдықталған АЕМ саны ауылдардың жалпы санының 17 %-ін құрайды (2015 жылы - 16 %, 2014 жылы - 15 %). Бұдан басқа, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 25%-і (2015 жылы - 27 %, 2014 жылы - 25 %) күрделі жөндеуді талап етеді. Сол уақыттан бері жағдай түбегейлі өзгерген жоқ, өйткені соңғы 2-3 жыл ішінде АЕМ-нің инфрақұрылымын дамытуға айтарлықтай қаржы салымдары жүргізілген жоқ.

122 АЕМ аудан орталығы болып табылады. 311 АЕМ тірек АЕМ болып айқындалды, алайда "Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру сәтінен бастап олардың саны нақтылануда.

Соңғы онжылдықтарда елдегі АЕМ санының үнемі қысқарып бара жатқаны байқалады. Мысалы, 2005 жылдан бастап 2016 жылға дейін АЕМ саны 965 бірлікке, 2018 жыл ішінде 94 бірлікке қысқарды.

АЕМ-нің және тиісінше ауыл тұрғындарының қысқаруы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің артуына да, сол сияқты қалалық және ауылдық жерлердегі тұрмыс жағдайының бірдей болмауына да байланысты.

Мәселен, 2018 жылдың қорытындылары бойынша: ауылдық жердегі жұмыскерлер жалақысының мөлшері қалалық жұмыскерлер жалақысының 72,5 %-ін (117,7 мың және тиісінше 162,3 мың теңге) құрады; кедейлік деңгейі (кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен адамдар үлесі) ауылда - 6,7%, қалада - 2,5%; дәрігерлер саны (10 мың адамға шаққанда) ауылда - 14,3, қалада - 43,7; халықтың орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуі ауылда - 84,4%, қалада - 94,5%; сарқынды суларды тазарту ауылда - 8,6%, қалада -68,7%. Сонымен қатар , 2015 жылы PISA халықаралық рейтингіне сәйкес 15 жастағы оқушылар арасында ауыл оқушыларының білім сапасы қалалық қатарластарынан 0,5-тен 4 жасқа дейін артта қалғанын (өңірге, оқыту тілі мен пәніне байланысты) атап өту қажет.

Жалпы, ірі және үлкен қалаларға қарағанда ауылдық жерлерде әлеуметтік және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну мемлекетке едәуір қымбатқа түседі - шашыраңқы инженерлік желілер, шағын жинақталған мектептер (бұдан әрі - ШЖМ) және басқалар салу.

Осы айырмашылықтарды шешу әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті, сондай-ақ ауылдағы адамдардың тыныс-тіршілігі үшін қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкестендіру шеңберінде басталды.

Ауылдық білім берудің қалалықтан артта қалуы бірқатар себептерге байланысты. Мәселен, 2018 - 2019 оқу жылындағы жағдай бойынша республикада 2886 ШЖМ, оның ішінде: бастауыш мектеп - 584, негізгі орта білім беретін - 811, жалпы орта білім беретін - 1491 мектеп бар. Аталған ШЖМ-да 198,6 мың бала оқиды, оның ішінде білім беру деңгейлері бойынша: бастауыш мектептерде - 7,6 мың, жалпы орта мектептерде - 33,3 мың, орта мектептерде - 157,8 мың бала. ШЖМ-ның ең көп саны Солтүстік Қазақстан (380) , Ақмола (379), Шығыс Қазақстан (351), Қостанай (340) облыстарында, ал ең аз саны Маңғыстау (12), Қызылорда (20) және Атырау (25) облыстарында.

ШЖМ қайта ұйымдастырылған жағдайда, ел бойынша жалпы контингенті 3,6 мың оқушы және 1,3 мың мұғалім бар 430 шағын жинақталған бастауыш мектеп жабылады. Бұл ретте осы шаралар мынадай себептер бойынша ауыл тұрғындары арасында теріс реакцияның туындауына әкелуі мүмкін:

1) ата-аналардың балаларды (6 жастан 10 жасқа дейін) "қабылдаушы" отбасына немесе интернатқа уақытша тұруға жіберуден табиғи бас тартуы;

2) жабылуға жататын мектеп педагогтарында одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігінің болмауы;

3) тұрғындарда басқа елді мекендерге көшу үшін ниетімен қаржылық мүмкіндігінің болмауы. Алайда, ШЖМ-дағы мектеп дайындығының жеткіліксіз болуын және толық жинақталған мектептермен салыстырғанда оларды ұстауға жұмсалатын шығыстың өте қомақты екенін ескере отырып, ШЖМ-ны қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. ШЖМ-ны қысқарту жөніндегі тиісті шараларды негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіне шоғырландыру қажет, өйткені бастауыш мектеп оқушылары ата-аналармен бірге тұруға тиіс.

Сонымен қатар, мектептер жоқ елді мекендерде тұратын балаларды қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыру мәселесі де назар аударуды қажет етеді. Жалпы республика бойынша мектеп жоқ елді мекендерде тұратын білім алушыларды тасымалдау 974 автомобильмен жүзеге асырылады, оның ішінде 71-і (2016 ж. - 69) 2018 жылы сатып алынған. Қазіргі уақытта қажеттілік 173 бірлік автомобильді құрайды (2017 ж. - 159) (Түркістан - 50, Ақмола - 33, Қостанай - 30, Солтүстік Қазақстан - 30, Алматы - 12, Қарағанды - 8, Батыс Қазақстан - 5, Шығыс Қазақстан - 3, Қызылорда - 2). Жетіспейтін автокөлікпен қатар қазіргі уақытта балаларды тасымалдау жүзеге асырылатын тозған автокөлікті ауыстыруға да қажеттілік бар.

Ауылдық жерде кадрлық әлеуетті арттыру үшін 2009 жылдан бері "Дипломмен ауылға!" жобасы іске асырылып келеді. Жоба енгізіле басталғаннан бері 60 мыңнан астам маман 7,4 млрд.теңге сомасында көтерме жәрдемақы алды, ал 27,5 мыңнан астам маман тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 70,6 млрд. теңге сомасында бюджеттік кредит алды. Мысалы, 2018 жылы 5,8 мың маман 986,8 млн.теңге сомасында көтерме жәрдемақы алды, ал 4 мыңнан астам маман тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 13,7 млрд. теңге сомасында бюджеттік кредит алды.

2019 жылы бір маманға біржолғы көтерме жәрдемақы төлеу айлық есептік көрсеткіштің 70 еселенген мөлшерінен 100 АЕК-ке дейін ұлғайды.

Елбасының 2019 жылғы 27 ақпандағы "Нұр Отан" партиясының XVIII съезінде берген тапсырмаларына сәйкес "Ауыл-Ел бесігі" жобасын іске асыру басталды.

Жобаның негізгі мақсаты - ауылдағы тұрмыс сапасын жақсарту, ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлеріне дейін жеткізу.

Жоба шеңберінде ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жалпы тұрудың қолайлы ортасын жасау бойынша міндеттер қойылады.

2019 жылы жобаны тиімді іске асыру үшін мынадай іс-қимыл алгоритмі әзірленді және жүзеге асырылды.

Бірінші. Даму әлеуеті мен ағымдағы экономикалық жағдайды талдау негізінде жобаларды іске асыру белгіленген тірек ауылдық елді мекендерді іріктеу жүргізілді. Бұл ретте әрбір жоба және елді мекен бойынша мақсаттарға қол жеткізу бойынша жол картасы әзірленді.

Екінші. 2019 жылы халықаралық сарапшылармен бірлесіп, келесі жылдары тірек ретінде АЕМ-ге басымдық беру үшін көрсеткіштерді есептеу әдіснамасы мен модельдері жетілдірілді.

Жаңа АЕМ-нің перспективалылығын айқындау жөніндегі әдістемедегі түйінді өзгерістер перспективалы (тірек) ауыл бойынша жеке-жеке емес, ауылдық кластерлер шеңберінде қаралады. Бұл тұрғындарды, әсіресе жалпы пайдаланудағы инфрақұрылыммен қамту бойынша неғұрлым толық жағдайда қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Статикалық талдау нәтижелері бойынша бұрын қолданылған ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің орнына "халық" АЕМ басымдықтарын бағалаудың анағұрлым маңызды параметрі ретінде қаралады.

Халық санын бағалау есепті күнгі статистикалық жай-күйде ғана емес, соңғы 10 жылдағы серпін шеңберінде жүргізіледі.

АЕМ-нің географиялық жағдайын есепке алу туристік объектілерге, мемлекеттік шекараға жақындығын қоса алғанда, басымдық беруді айқындау кезінде геокеңістік талдауды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру кезінде "бюджеттік сүзгіні" қамтамасыз ете отырып (жобаға енгізілген тірек ауылдарды басым қаржыландыру), тірек ауылдарды дамытудың кешенді тәсілі қолданылды.

Жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2019 - 2021 жылдарға 90,0 млрд.теңге, оның ішінде 2019 жылы 30,0 млрд. теңге көзделді.

Республикалық бюджеттен өңірлер бойынша қаражат бөлу даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендерде тұратын ауыл тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылды.

Өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, 2019 жылы 53 АЕМ іріктелді. Осы тірек АЕМ-де 452 іс-шараны іске асыру жоспарланған, оның 233-і көлік инфрақұрылымын дамытуға, 153-і әлеуметтік инфрақұрылымды және 66-ы ТКШ-ны дамытуға бағытталған.

Ірі елді мекендерге - тұрғындар саны неғұрлым көп аудан орталықтарына баса назар аударылды, оларда жиналған өзекті инфрақұрылымдық проблемаларды тез арада шешу талап етіледі. 2019 жылы Жобаны іске асыру шамамен 700 мың адамның немесе ауыл тұрғындардың 9 %-інің тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

1 аудан орталығына қаржыландыру көлемі орта есеппен 670 млн.теңгені құрайды.

Өңірлердің әкімдіктеріне жобаларды қаржыландырудың жалпы сомасынан қоса қаржыландыруға кемінде 10% жіберу ұсынылды.

Облыс әкімдіктері әрбір жоба бойынша жауапты лауазымды адамдарды бекіте отырып, іске асыру мерзімдері бар тиісті "жол карталарын" әзірледі және қабылдады.

Болжамды деректер бойынша ел халқының жалпы саны 2025 жылға қарай 20 млн. адамға жетеді. Бұл ретте ауыл тұрғындарының саны қазіргі уақыттағы деңгейде қалады - 7,7 млн., бірақ үлесі 38,5%-ке дейін төмендейді.

Жалпы тұрғындарды ауылда жасанды түрде ұстап тұру нәтиже бермейді, өйткені қазіргі уақытта тұрғындардың жалпы санындағы ауыл тұрғынының үлесі 42%-ті құрайды, мұны бірқатар Африка елдері бойынша деректермен салыстыруға болады және ЭЫДҰ елдеріне қарағанда айтарлықтай көп екенін ерекше атап өту қажет.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде өңірлік дамуды SWOT-талдау

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|--|--|
| <p>Қала тұрғындары санының өсу үрдісі; елдің ЖІӨ-дегі Алматы және Нұр-Сұлтан ірі қалаларының жоғары үлесі; Нұр-Сұлтан және Алматы ірі қалаларында қызмет көрсету саласының (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және бос уақытты өткізу) серпінді дамуы; ФҚА-да қазіргі заманғы (инновациялық) экономиканы дамыту үшін қолайлы орта құру; "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде "Smart City" жүйесін енгізу; ірі және үлкен қалаларда жоғары дәрежелі мамандар санының өсуі; астананың ел өңірлерімен көліктік байланысы.</p> | <p>Урбандалу деңгейі бойынша дамыған елдерден артта қалу; жаһандық және өңірлік (еуразиялық) нарықтарда елдің ірі қалаларының бәсекеге қабілетінің төмендігі; халықтың тұрмыс сапасының көрсеткіштері бойынша өңірлік сәйкессіздіктер; моно- және шағын қалалар, АЕМ экономикасын әртараптандырудың төмен деңгейі; шекара маңы ынтымақтастығы инфрақұрылымының дамымауы; ФҚА-да өзек-қалалар мен оған іргелес елді мекендер арасындағы жеткіліксіз көліктік байланыс; елді мекендердегі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның сәйкессіздігі, су құбырының, кәріздің, жылу және электр желілерінің, қалаішілік және кірме жолдардың мүлдем тозып кетуі; қалаларда инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуды қаржыландырудың балама көздерінің болмауы (мемлекеттік бюджеттен басқа); қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүйелі проблемалар.</p> |
| Мүмкіндіктер | Қатерлер |
| <p>ФҚА құрамына кіретін агломерациялар, моно- және шағын қалалар экономикасын қайта құрылымдау; ірі қалаларда мобильді еңбек нарығын дамыту; агломерацияларда, ірі қалаларда ірі өткізу нарықтарын қалыптастыру; еліміздің ірі қалаларының дамудың 2050 жылға дейінгі стратегияларын іске асыру;</p> | <p>Урбандалу процестерінде сәйкессіздіктің пайда болуы - "жалған" урбандалудың дамуы; ірі және үлкен қалалардан алыс моно- және шағын қалалардың инвестициялық тартымсыздығы;</p> |

ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға байланысты елдің шекара маңындағы аумақтарының экономикалық әлеуетін кеңейту; өңірлік стандарттар жүйесін іске асыру кезінде ірі қалаларды, моно-, шағын қалаларды, АЕМ-ді технологиялық (инновациялық) дамыту есебінен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру; ФҚА инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін МЖӘ тетіктерін белсенді енгізу.

моно- және шағын қалаларда, сондай-ақ ауылдық жерде қала тұзушы кәсіпорындардың тоқтауына байланысты жаппай жұмыссыздық; жастардың ауылдық жерден солтүстік өңірлерден көршілес елдерге жаппай кетуінің тәуекелдері; қалалық әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға шамадан тыс жүктеме; "жалған урбандалу" нәтижесінде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы.

4. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және басқарылатын урбандалу арқылы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

| Нысаналы индикаторлар | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл | Ақпарат көзі | Қол жеткізуге жауаптылар |
|---------------------------------------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|---------------|--------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. Урбандалу деңгейі*, % (жыл соңына) | | | | | | | | |
| Республика бойынша орташа есеппен | 59,5 | 60,1 | 60,7 | 61,3 | 62,0 | 62,6 | ҰЭМ деректері | ҰЭМ, облыстардың ЖАО |
| Ақмола облысы | 48,6 | 49,0 | 49,3 | 49,6 | 50,0 | 50,4 | | |
| Ақтөбе облысы | 70,7 | 71,2 | 71,7 | 72,2 | 72,7 | 73,2 | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|------------------------|------|------|------|------|------|------|---|---|
| Алматы облысы | 24,5 | 24,7 | 24,8 | 25,0 | 25,2 | 25,4 | | |
| Атырау облысы | 53,3 | 53,9 | 54,5 | 55,1 | 55,8 | 56,4 | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | 62,8 | 63,4 | 64,0 | 64,7 | 65,3 | 65,9 | | |
| Жамбыл облысы | 40,9 | 41,2 | 41,5 | 41,8 | 42,0 | 42,3 | | |
| Батыс Қазақстан облысы | 53,7 | 54,3 | 55,0 | 55,6 | 56,2 | 56,8 | | |
| Қарағанды облысы | 80,8 | 81,3 | 81,9 | 82,5 | 83,0 | 83,6 | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|---------------|-----|
| Қостанай облысы | 55,6 | 56,2 | 56,8 | 57,4 | 58,1 | 58,7 | | |
| Қызылорда облысы | 45,1 | 45,7 | 46,3 | 47,0 | 47,6 | 48,2 | | |
| Маңғыстау облысы | 43,3 | 43,6 | 43,9 | 44,2 | 44,5 | 44,8 | | |
| Павлодар облысы | 71,8 | 72,3 | 72,8 | 73,3 | 73,8 | 74,3 | | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 47,0 | 47,7 | 48,3 | 48,9 | 49,5 | 50,1 | | |
| Түркістан облысы | 20,1 | 20,2 | 20,4 | 20,5 | 20,7 | 20,8 | | |
| Нұр-Сұлтан қ. | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| Алматы қ. | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| Шымкент қ. | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | | |
| 2. Өңірлер арасында халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша даму айырмасы**, есе | | | | | | | | |
| республика бойынша | 3,1 | 3,0 | 3,0 | 2,9 | 2,8 | 2,7 | ҰЭМ деректері | ҰЭМ |
| 3. Халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсу қарқыны***, %, оның ішінде: | | | | | | | | |
| Республика бойынша орташа есеппен | 12,0 | 18,2 | 23,8 | 29,7 | 35,9 | 42,3 | | |

| | | | | | | | | |
|------------------------|------|------|------|------|------|------|---|--------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Ақмола облысы | 23,8 | 33,2 | 42,2 | 51,8 | 62,1 | 73,0 | | |
| Ақтөбе облысы | 18,2 | 26,4 | 34,1 | 42,3 | 51,0 | 60,2 | | |
| Алматы облысы | 27,4 | 38,9 | 50,4 | 62,8 | 76,3 | 90,9 | | |
| Атырау облысы | 1,8 | 6,1 | 9,7 | 13,5 | 17,4 | 21,4 | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | 19,2 | 26,3 | 32,9 | 39,8 | 47,0 | 54,7 | | |
| Жамбыл облысы | 12,7 | 17,8 | 22,1 | 26,7 | 31,4 | 36,2 | | |
| Батыс Қазақстан облысы | 7,6 | 12,4 | 16,6 | 20,9 | 25,3 | 30,0 | | |
| Қарағанды облысы | 13,8 | 18,9 | 23,3 | 27,9 | 32,6 | 37,5 | | |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы |

| Нәтижелер көрсеткіштері | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл | Ақпарат көздері | Қолжеткізуге жауаптылар |
|---|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------------|---------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. Облыс орталықтарындағы, Семей қаласындағы тұрғындар саны, мың адам (жыл соңына) | | | | | | | | |
| Облыс орталықтары бойынша барлығы (қалалық әкімшілік) | 3739,1 | 3772,6 | 3806,1 | 3839,8 | 3873,1 | 3906,8 | ҰЭМ деректері | ҰЭМ, облыстардың ЖАО |
| Көкшетау | 146,2 | 146,3 | 146,5 | 146,6 | 146,7 | 146,9 | | |
| Талдықорған | 150,8 | 152,7 | 154,6 | 156,5 | 158,4 | 160,3 | | |
| Атырау | 251,8 | 256,7 | 261,5 | 266,4 | 271,2 | 276,1 | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Өскемен | 338,8 | 342,1 | 345,3 | 348,6 | 351,8 | 355,1 | | |
| Тараз | 363,0 | 365,4 | 367,8 | 370,2 | 372,6 | 375,0 | | |
| Орал | 246,3 | 249,8 | 253,3 | 256,8 | 260,3 | 263,8 | | |
| Қарағанды | 503,6 | 504,4 | 505,2 | 506,0 | 506,8 | 507,6 | | |
| Қостанай | 245,2 | 247,0 | 248,8 | 250,7 | 252,5 | 254,4 | | |
| Қызылорда | 247,5 | 251,3 | 255,1 | 258,9 | 262,6 | 266,4 | | |
| Ақтау | 187,3 | 189,1 | 189,1 | 191,0 | 192,0 | 196,5 | | |
| Павлодар | 331,8 | 332,3 | 332,8 | 333,3 | 333,8 | 334,3 | | |
| Петропавл | 220,0 | 220,9 | 221,8 | 222,8 | 223,7 | 224,6 | | |
| Семей | 329,3 | 331,8 | 334,3 | 336,8 | 339,3 | 341,8 | | |
| Түркістан | 177,5 | 182,8 | 188,1 | 193,4 | 198,7 | 204,0 | | |
| 2. Облыс орталықтары және Семей қаласы бөлінісінде негізгі капиталға инвестицияларды (бюджет қаражатын қоспағанда) тарту көлемінің ұлғаюы, млн. теңге | | | | | | | | |
| Жиыны | 1 864 535 | 2 042 996 | 2 231 449 | 2 466 887 | 2 692 628 | 2 955 274 | | ҰЭМ, облыстардың, Нұр-Сұл |
| Көкшетау | 33 196 | 37 116 | 41 291 | 46 669 | 51 925 | 58 000 | | |
| Талдықорған | 43 824 | 50 072 | 56 788 | 65 933 | 74 723 | 85 276 | | |

| | | | | | | | | |
|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------------------|---|
| Атырау | 1 011 070 | 1 109 313 | 1 210 193 | 1 341 618 | 1 463 560 | 1 603 653 | ҰЭМ деректер і | тан, Алматы және Шымкен т қалалар ының ЖАО |
| Орал | 65 220 | 73 232 | 81 708 | 93 056 | 103 670 | 116 205 | | |
| Тараз | 56 580 | 65 329 | 74 834 | 87 941 | 100 661 | 115 981 | | |
| Қарағанды | 109 802 | 119 618 | 129 774 | 142 300 | 154 448 | 168 220 | | |
| Қостанай | 44 813 | 48 889 | 53 314 | 58 071 | 63 282 | 69 471 | | |
| Қызылорда | 113 429 | 123 547 | 133 928 | 147 071 | 159 527 | 173 403 | | |
| Ақтау | 105 628 | 117 047 | 129 088 | 143 843 | 158 755 | 175 548 | | |
| Түркістан | 20 553 | 23 010 | 25 758 | 28 793 | 32 158 | 35 925 | | |

| | | | | | | | | |
|-----------|--------|---------|---------|---------|---------|---------|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Павлодар | 97 283 | 107 011 | 117 712 | 129 483 | 142 432 | 156 675 | | |
| Петропавл | 58 354 | 65 539 | 73 167 | 83 394 | 93 054 | 104 404 | | |
| Өскемен | 63 223 | 61 503 | 60 894 | 54 415 | 48 733 | 45 712 | | |
| Семей | 41 560 | 41 770 | 43 000 | 44 300 | 45 700 | 46 801 | | |

| | | | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|----------------------|----------------------------|
| 3. ФҚА құрамына кіретін моно- және шағын қалалардың инженерлік және көліктік инфрақұрылымының тозу дәрежесі | | | | | | | | |
| қанағаттанарлық күйдегі автомобиль жолдарының үлесі, % | | | | | | | | |
| моно- және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 53,6 | 53,9 | 54,2 | 54,4 | 54,7 | 55,0 | ЖАО дерект ері | облыс тарды ң ЖАО |
| Ақкөл | 56,9 | 57,1 | 57,4 | 57,7 | 58,0 | 58,3 | | |
| Есік | 75,3 | 75,7 | 76,1 | 76,5 | 76,9 | 77,3 | | |
| Талғар | 74,7 | 75,1 | 75,5 | 75,9 | 76,2 | 76,6 | | |
| Қаскелең | 62,9 | 63,2 | 63,6 | 63,9 | 64,2 | 64,5 | | |
| Қапшағай | 78,8 | 79,2 | 79,6 | 80,0 | 80,4 | 80,8 | | |
| Хромтау | 45,2 | 45,5 | 45,7 | 45,9 | 46,2 | 46,4 | | |
| Алға | 60,7 | 61,0 | 61,3 | 61,6 | 61,9 | 62,2 | | |
| Леңгір | 15,7 | 15,8 | 15,9 | 16,0 | 16,1 | 16,2 | | |
| Теміртау | 25,9 | 26,0 | 26,1 | 26,2 | 26,4 | 26,5 | | |
| Саран | 32,3 | 32,5 | 32,6 | 32,8 | 33,0 | 33,1 | | |
| Абай | 36,4 | 36,5 | 36,7 | 36,9 | 37,1 | 37,3 | | |

| | | | | | | | | |
|--------------------------------|------|------|------|------|------|------|---------------|-----------------|
| қалалар бойынша орта есеппен | 46,8 | 45,1 | 43,8 | 42,3 | 41,0 | 40,0 | ЖАО деректері | Облыстардың ЖАО |
| Ақкөл | 71,0 | 67,0 | 63,0 | 59,0 | 55,0 | 51,6 | | |
| Есік | - | - | - | - | - | - | | |
| Талғар | - | - | - | - | - | - | | |
| Қаскелең | 50,0 | 40,0 | 35,0 | 30,0 | 25,0 | 21,0 | | |
| Қапшағай | 40,0 | 40,0 | 40,0 | 40,0 | 40,0 | 40,0 | | |
| Хромтау | 60,2 | 58,2 | 56,6 | 54,5 | 52,5 | 50,7 | | |
| Алға | 11,4 | 11,4 | 11,4 | 11,4 | 11,4 | 11,4 | | |
| Леңгір | 6,0 | 6,0 | 6,0 | 3,2 | 3,2 | 2,8 | | |
| Теміртау | 67,5 | 67,3 | 67,0 | 66,8 | 66,5 | 66,3 | | |
| Саран | 74,4 | 74,1 | 73,9 | 73,5 | 73,1 | 72,8 | | |
| Абай | 69,3 | 69,1 | 68,8 | 68,4 | 68,1 | 67,8 | | |
| Щучинск | 31,0 | 27,0 | 23,0 | 19,0 | 15,0 | 12,5 | | |
| Рудный | 58,0 | 58,0 | 58,0 | 58,0 | 58,0 | 58,0 | | |
| Аксу | 50,2 | 48,8 | 47,4 | 46,1 | 44,8 | 43,5 | | |
| Текелі | 51,4 | 51,1 | 50,9 | 50,6 | 50,4 | 50,1 | | |
| Кентау | 14,6 | 13,4 | 12,8 | 12,2 | 11,5 | 10,8 | | |
| су құбыры желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|--|------|------|------|------|------|------|---------------|-----------------|
| моно-және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 57,1 | 56,5 | 55,8 | 55,2 | 54,3 | 53,7 | ЖАО деректері | облыстардың ЖАО |
| Ақкөл | 38,0 | 37,0 | 35,0 | 33,0 | 30,0 | 28,3 | | |
| Есік | 69,0 | 67,8 | 66,4 | 66,0 | 64,2 | 63,1 | | |
| Талғар | 85,3 | 84,6 | 82,9 | 82,1 | 80,7 | 79,6 | | |
| Қаскелең | 64,1 | 62,8 | 61,6 | 61,0 | 59,6 | 58,5 | | |
| Қапшағай | 79,5 | 79,4 | 79,3 | 79,2 | 79,2 | 79,1 | | |
| Хромтау | 65,5 | 64,6 | 63,9 | 62,9 | 62,0 | 61,2 | | |
| Алға | 29,4 | 29,1 | 28,9 | 28,5 | 28,3 | 28,0 | | |
| Леңгір | 5,0 | 5,0 | 5,0 | 4,9 | 4,9 | 4,9 | | |
| Теміртау | 82,2 | 81,8 | 81,4 | 80,9 | 80,5 | 80,1 | | |
| Саран | 66,3 | 66,0 | 65,7 | 65,3 | 65,0 | 64,7 | | |
| Абай | 63,4 | 63,0 | 62,7 | 62,4 | 62,1 | 61,8 | | |
| Щучинск | 79,0 | 78,6 | 78,2 | 77,8 | 77,4 | 77,0 | | |
| Рудный | 74,0 | 74,0 | 74,0 | 74,0 | 74,0 | 74,0 | | |
| Аксу | 60,2 | 58,7 | 57,2 | 55,0 | 53,2 | 51,6 | | |

| | | | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|--------------------|---------------------|
| бойынша орта есеппен | 58,9 | 54,9 | 54,0 | 53,1 | 52,7 | 51,8 | Ж А О деректері | облыстард ың ЖАО |
| Степногор | 64,0 | 63,7 | 63,4 | 63,0 | 62,7 | 62,4 | | |
| Құлсары | 20,0 | 18,0 | 14,0 | 10,0 | 10,0 | 8,5 | | |
| Риддер | 14,0 | 13,9 | 13,9 | 13,8 | 13,7 | 13,7 | | |
| Балқаш | 93,1 | 92,6 | 92,1 | 91,7 | 91,2 | 90,7 | | |
| Жезқазған | 73,3 | 72,9 | 72,5 | 72,2 | 71,8 | 71,4 | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Сәтбаев | 95,0 | 94,6 | 94,1 | 93,6 | 93,2 | 92,8 | | |
| Жаңаөзен | 55,1 | 27,0 | 26,4 | 25,3 | 24,6 | 20,9 | | |
| Екібастұз | 56,9 | 56,3 | 55,6 | 55,0 | 54,4 | 53,8 | | |
| жылу желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |
| Моноқала лар бойынша орта есеппен | 50,2 | 49,2 | 48,3 | 47,4 | 46,4 | 45,6 | Ж А О деректері | облыстард ың ЖАО |
| Степногор | 66,0 | 62,0 | 58,0 | 54,0 | 50,0 | 46,6 | | |
| Құлсары | 10,0 | 8,0 | 7,0 | 7,0 | 6,0 | 5,3 | | |
| Риддер | 52,0 | 52,0 | 52,0 | 52,0 | 52,0 | 52,0 | | |
| Балқаш | 69,2 | 68,9 | 68,7 | 68,3 | 68,0 | 67,7 | | |
| Жезқазған | 59,8 | 59,3 | 58,9 | 58,3 | 58,1 | 57,7 | | |
| Сәтбаев | 64,3 | 64,1 | 63,8 | 63,0 | 62,7 | 62,3 | | |
| Жаңаөзен | 6,0 | 6,0 | 6,0 | 6,0 | 6,0 | 6,0 | | |
| Екібастұз | 74,2 | 73,0 | 71,9 | 70,4 | 68,4 | 67,0 | | |
| су құбыры желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |
| Моноқала лар бойынша орташа есеппен | 50,9 | 50,4 | 50,0 | 49,7 | 49,0 | 48,6 | Ж А О деректері | облыстард ың ЖАО |
| Степногор | 20,0 | 19,9 | 19,8 | 19,7 | 19,6 | 19,5 | | |
| Құлсары | 10,0 | 9,0 | 8,0 | 8,0 | 6,0 | 5,3 | | |
| Риддер | 71,0 | 71,0 | 71,0 | 71,0 | 71,0 | 71,0 | | |
| Балқаш | 79,2 | 78,8 | 78,4 | 78,0 | 77,6 | 77,2 | | |
| Жезқазған | 71,3 | 70,9 | 70,6 | 70,2 | 69,9 | 69,6 | | |
| Сәтбаев | 77,2 | 76,8 | 76,5 | 76,1 | 75,7 | 75,3 | | |
| Жаңаөзен | 13,0 | 12,4 | 11,7 | 11,3 | 10,6 | 10,1 | | |
| Екібастұз | 65,5 | 64,5 | 63,8 | 62,9 | 61,9 | 61,0 | | |

4-міндет. Шекара маңындағы моно- және шағын қалаларды іргелес аумақтарымен қоса дамыту

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелердің көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

| Нәтижелер көрсеткіші | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл | Ақпарат көзі | Қол жеткізуге жауаптылар |
|--|----------|----------|----------|----------|----------|----------|--------------|--------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. ФҚА құрамына кірмейтін шекара маңындағы моно- және шағын қалалардың инженерлік және көліктік инфрақұрылымының тозу дәрежесі | | | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|--|------|------|------|------|------|------|---------------|-----------------|
| қанағаттанарлық күйдегі автомобиль жолдарының үлесі, % | | | | | | | | |
| Моно- және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 63,3 | 63,6 | 63,9 | 64,2 | 64,6 | 61,5 | ЖАО деректері | облыстардың ЖАО |
| Жаркент | 63,8 | 64,2 | 64,5 | 64,8 | 65,1 | 65,4 | | |
| Зайсан | 68,7 | 69,0 | 69,4 | 69,7 | 70,1 | 70,5 | | |
| Сарыағаш | 67,0 | 67,4 | 67,7 | 68,0 | 68,4 | 68,8 | | |
| Шардара | 54,4 | 54,7 | 55,0 | 55,2 | 55,5 | 55,8 | | |
| Шемонаиха | 53,0 | 53,3 | 53,6 | 53,8 | 54,1 | 54,4 | | |
| Булаево | 46,5 | 46,7 | 46,9 | 47,2 | 47,4 | 47,6 | | |
| Мамлютка | 93,9 | 94,4 | 94,9 | 95,3 | 95,8 | 96,3 | | |
| Жетісай | 59,0 | 59,2 | 59,5 | 59,8 | 60,1 | 60,4 | | |
| Жітіқара | 33,4 | 33,6 | 33,8 | 33,9 | 34,1 | 34,3 | | |
| кәріз желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |
| Моно- және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 43,6 | 42,6 | 41,7 | 40,7 | 39,8 | 39,0 | ЖАО деректері | облыстардың ЖАО |
| Жаркент | 41,8 | 40,4 | 39,7 | 38,8 | 37,7 | 36,7 | | |
| Зайсан | 8,0 | 8,0 | 7,9 | 7,9 | 7,8 | 7,8 | | |
| Сарыағаш | - | - | - | - | - | - | | |
| Шардара | 14,0 | 13,9 | 13,9 | 13,8 | 13,7 | 13,6 | | |
| Шемонаиха | 65,0 | 60,0 | 55,0 | 50,0 | 45,0 | 41,0 | | |
| Булаево | 89,2 | 88,8 | 88,3 | 87,9 | 87,4 | 87,0 | | |
| Мамлютка | - | - | - | - | - | - | | |
| Жетісай | 20,0 | 19,9 | 19,8 | 19,7 | 19,6 | 19,5 | | |
| Жітіқара | 67,2 | 67,2 | 67,2 | 67,2 | 67,2 | 67,2 | | |
| жылу желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|-----------------|-----------------|
| Моно- және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 28,0 | 26,3 | 24,6 | 21,5 | 19,8 | 18,4 | Ж А О деректері | облыстардың ЖАО |
| Жаркент | - | - | - | - | - | - | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|------|------|------|------|------|------|-----------------|-----------------|
| Зайсан | 22,0 | 21,9 | 21,8 | 21,7 | 21,6 | 21,5 | Ж А О деректері | облыстардың ЖАО |
| Сарыағаш | 7,0 | 7,0 | 7,0 | 2,8 | 2,8 | 2,4 | | |
| Шардара | - | - | - | - | - | - | | |
| Шемонаиха | 55,0 | 50,0 | 45,0 | 40,0 | 35,0 | 31,3 | | |
| Булаево | - | - | - | - | - | - | | |
| Мамлютка | - | - | - | - | - | - | | |
| Жетісай | - | - | - | - | - | - | | |
| Жітіқара | - | - | - | - | - | - | | |
| су құбыры желілерінің тозуы, % | | | | | | | | |
| Моно- және шағын қалалар бойынша орта есеппен | 41,0 | 40,4 | 39,5 | 38,8 | 37,9 | 37,2 | Ж А О деректері | облыстардың ЖАО |
| Жаркент | 53,8 | 52,3 | 50,8 | 50,2 | 48,1 | 46,8 | | |
| Зайсан | 14,0 | 13,9 | 13,9 | 13,8 | 13,7 | 13,6 | | |
| Сарыағаш | 45,0 | 44,8 | 44,6 | 44,3 | 44,1 | 43,9 | | |
| Шардара | 33,0 | 32,8 | 32,7 | 32,5 | 32,3 | 32,1 | | |
| Шемонаиха | 68,0 | 65,0 | 60,0 | 55,0 | 50,0 | 46,3 | | |
| Булаево | 38,0 | 37,8 | 37,6 | 37,4 | 37,2 | 37,0 | | |
| Мамлютка | 27,0 | 26,9 | 26,7 | 26,6 | 26,5 | 26,4 | | |
| Жетісай | 75,0 | 74,6 | 74,3 | 73,9 | 73,5 | 73,1 | | |
| Жітіқара | 15,4 | 15,4 | 15,4 | 15,4 | 15,4 | 15,4 | | |

Ескертпе: жекелеген моно және шағын қалалар бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі бойынша жоспарлы мәндердің болмауы, осы қалаларда орталықтандырылған жылумен жабдықтау желілерінің болмауымен, жекелеген объектілердің жергілікті желілерінің (мысалы, аурухана қазандығы денсаулық сақтаудың емдеу объектілерін және жақын орналасқан тұрғын үйлерді жылытады) болуымен байланысты.

| | | | | | | | | |
|---|------|------|------|------|------|------|--|--|
| Түркістан облысы | 59,4 | 63,9 | 70,4 | 76,5 | 83,0 | 90,1 | | |
| 2. "Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде құрылатын жұмыс орындарының саны*, адам | | | | | | | | |
| республика бойынша | 4500 | 4500 | - | - | - | - | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|----------------------------|-----|-----|---|---|---|---|-----------------|-----------------|
| Ақмола облысы | 104 | 104 | - | - | - | - | Ж А О деректері | облыстардың ЖАО |
| Ақтөбе облысы | 89 | 89 | - | - | - | - | | |
| Алматы облысы | 975 | 975 | - | - | - | - | | |
| Атырау облысы | 332 | 332 | - | - | - | - | | |
| Шығыс Қазақстан облысы | 236 | 236 | - | - | - | - | | |
| Жамбыл облысы | 531 | 531 | - | - | - | - | | |
| Батыс Қазақстан облысы | 111 | 111 | - | - | - | - | | |
| Қарағанды облысы | 251 | 251 | - | - | - | - | | |
| Қостанай облысы | 642 | 642 | - | - | - | - | | |
| Қызылорда облысы | 54 | 54 | - | - | - | - | | |
| Маңғыстау облысы | 214 | 214 | - | - | - | - | | |
| Павлодар облысы | 167 | 167 | - | - | - | - | | |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 306 | 306 | - | - | - | - | | |
| Түркістан облысы | 488 | 488 | - | - | - | - | | |

* құрылатын жұмыс орындары бойынша деректер тиісті кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде жұмыс орындарын құру бойынша есеп-қисаптар 2019 - 2021 жылдарға бөлінген қаржы қаражаты ескеріле отырып

шығарылған. Бұған қоса, қаржыландыру көлемдері өзгертетін (ұлғаятын) болса, құрылатын жұмыс орындары бойынша тиісті жылдарға арналған көрсеткіштер нақтыланатын болады.

5. Мемлекеттік бағдарламаның қойылған мақсаттарына қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары және тиісті шаралар

Ескерту. 5-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 952; 04.03.2021 № 120 қаулыларымен.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсатына, нысаналы индикаторларына және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу, сондай-ақ міндеттерін шешу Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес (осы Мемлекеттік бағдарламаға 4-қосымшаға сәйкес) жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының "Қуатты өңірлер және урбандалу" 5-реформасының басымдықтарына сәйкес келеді.

Мәселен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын одан әрі нығайту, жергілікті биліктердің есептілігін қамтамасыз ету, жергілікті жерлерде еңбек ресурстарын басқару бойынша шаралар қабылданатын болады. Аталған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру шеңберінде шешілуде және шешілетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын нығайту Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы) шеңберінде жүзеге асырылуда.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің "Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу" сайлауалды бағдарламасын және "Бірге" жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарын іске асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамыту бойынша одан әрі шаралар пысықталуда.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауының шеңберінде аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігін және жауапкершілігін кеңейту бойынша заң жобасы әзірленуде.

Осыған байланысты жергілікті өзін-өзі басқару органдарын кеңейту бойынша шаралар аталған Тұжырымдама мен әзірленіп жатқан заң шеңберінде іске асырылатын болады.

Мемлекеттік бағдарлама мынадай бағыттар шеңберінде іске асырылатын болады:

1. ФҚА-ны - әсер ету аймақтарымен бірге ірі және үлкен қалаларды дамыту, атап айтқанда:

1) инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді дамыту, тиімді экожүйе қалыптастыру;

2) ірі қалалардың ықпал ету аймағындағы ауылдармен көліктік байланысын дамыту.

2. Мыналар:

1) моно- және шағын қалаларда инфрақұрылымды дамыту;

2) шекара маңындағы моно- және шағын қалаларды дамыту бөлігінде ФҚА құрамына кірмейтін моно және шағын қалаларды дамыту;

3. АЕМ-ді дамыту ("Ауыл - Ел бесігі" жобасы және басқалар).

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес бірыңғай экономикалық нарықты қалыптастыру мақсатында өңіраралық бәсекелестік пен кооперацияны дамыту жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Бұл шаралар бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлердің рейтинг жүйесін қолдануды, өңірлер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін ынталандырулар жасауды, республикалық бюджеттен инвестициялық қаражат алу үшін жарысуды қамтитын болады.

Тұрақты негізде экономикалық көрсеткіштерге және бизнес пікіртерімнің нәтижелеріне құрылған рейтинг түріндегі өңірлерді салыстыруды жүргізу жалғастырылатын болады. Рейтингтің негізгі міндеті экономикалық даму, бизнес үшін жағдай жасау бөлігінде өңірлер арасындағы бәсекелестікті ынталандыру болады.

Республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін жергілікті жобаларды айқындау кезінде жеке сектормен бірлесіп қаржыландырылатын жобаларға басымдық берілетін болады. Салым бірлігіне тұрғындардың барынша көп санын қамтитын және өнімділіктің өсуіне, технологиялық жаңартуға, цифрландыруға және экспортқа бағдарланған тауарларды шығаруға бағытталған жобалар басым болып саналады.

Өңірлер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін ынталандыру жасау туралы

Дамытуда синергетикалық әсер алу әрі мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін олардың арасындағы өзара іс-қимыл өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды құралдарының бірі болмақ. Мұндай өзара іс-қимыл бірлескен/үйлестірілген даму жоспарларын, бірыңғай жеткізу тізбегін құру және құн жасау

үшін индустриялық дамуды үйлестіруді, көлік, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін құру және басқару жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыруды қамтуы мүмкін.

Өңіраралық байланысты нығайту жаңа автомобиль жолдарын салу және қолданыстағы автомобиль жолдарын, сондай-ақ теміржол көлігі желілерін реконструкциялау есебінен қамтамасыз етілетін болады. Көрсетілген шаралар Қазақстан Республикасын инфрақұрылымдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын болады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін (бұдан әрі - ҚОСНК) әзірлеуде. Қазіргі уақытта ҚОСНК 13 өңірде (Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында) бекітілген. Қалған өңірлерде бұл жұмыс жалғасатын болады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоғамды экологияландыруға баса назар аударатын болады. Бұл жұмыс экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді дамыту, ғылыми қамтамасыз ету, экологиялық насихаттау және жұртшылықтың қатысуы арқылы жүргізілетін болады. Бұл ретте экологиялық насихаттау мен ағартуда табиғатпен үндестіктегі салауатты өмір салтын насихаттауға, экологиялық туризмді дамытуға ерекше назар аударылатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында әлеуметтік және инженерлік объектілерді салу/жаңғырту бағдарламалық құжаттың басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ бюджет қаражатының тиімсіз бөлінуіне жол бермеу шаралары қабылданатын болады.

Сонымен қатар, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезінде орталық мемлекеттік органдар - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттерін қарау, іріктеу және бөлу кезінде міндетті түрде өңірлердің экономикалық дамуында және инфрақұрылымдық қамтамасыз етуінде елеулі сәйкессіздіктердің болуын ескеретін болады. Өңірлердің қандай да бір ерекше проблемалары басымдылығы бойынша жіктелуге және олардың өткірлігіне қарай шешілуге тиіс. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында жергілікті автомобиль жолдарын, электрмен жабдықтау желілерін салу/реконструкциялау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауды қамтамасыз ету бірінші кезекте шешілуге тиіс. Осындай тәртіппен басқа салаларда да проблемалар тиісінше

шешілетін болады: тұрғын үймен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, экология, қауіпсіздік және басқалар.

Соңғы 20-25 жылда ауыл тұрғындарының (әсіресе жастардың) ірі және үлкен қалаларға, ФҚА құрамындағы өзге елді мекендерге қарқынды ішкі көші-қоны байқалады. Шетелден келген қандастар да ФҚА-да тұруға ұмтылады. Осыған байланысты барлық бағдарламалық құжаттарда "адамдар инфрақұрылымға" моделін енгізу қажет, бұл жаңа инфрақұрылымдық объектілерді Мемлекеттік бағдарламада белгіленген ұзақ мерзімді кезеңге перспективалы елді мекендерде ғана озыңқы салуды білдіреді.

Бұл ФҚА құрамындағы елді мекендерді ірілендіруді, бөлінетін қаражатты пайдалану тиімділігін арттыруды, өңірлер арасында және өңірлер ішіндегі игіліктер мен көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктегі айырмашылықты қысқартуды ынталандыратын болады.

Құрылыс объектілерін салу/жаңғырту кезінде тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасын құру үшін өңірлік стандарттар жүйесінің ережелері ескерілетін болады. Осы мақсатта қабылданған өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес елді мекендерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын (ЕЖЖ) түзету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы " Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін "кедергісіз орта" құруға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың жергілікті атқарушы органдары мүмкіндігі шектеулі адамдар бұл үшін объектілердің қолжетімділігі жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Қолайлы қалалық кеңістік "адами масштаб" қағидатын сақтай отырып қамтамасыз етіледі: бұл - үлкен ашық кеңістіктерден және ғимараттар мен құрылыстардың бір-бірінен айтарлықтай алшақтығынан олардың арасындағы қашықтықты азайтуға және жылдың кез келген мезгілінде қала көшелерінде адамдардың болуын ынталандыратын қолайлы қалалық кеңістіктерді құруға көшу. Бұл ретте, Қазақстан аумағының басым бөлігіндегі қатаң климатты және республиканың астанасында жұмыс істеп тұрған сауда ойын-сауық орталықтарын пайдалану нәтижесін ескере отырып, оларды сауда орындары ретінде ғана емес, сондай-ақ халықтың, әсіресе балалардың пайдалы уақыт өткізу орталықтары ретінде де салуға жәрдемдесу жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Бұл ретте, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын орындау үшін медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтуды ұйымдастыру үшін

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың жергілікті атқарушы органдары қалалық кеңістікті қалыптастыру кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамға кірігуі үшін қолжетімді жағдайлар жасайтын болады.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы даму трансферттерін бөлу кезінде өңірлік стандарттар жүйесінің қағидаттары мен ережелері де ескерілетін болады. Осы мақсатта нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу тұрғысынан Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның рөлі күшейтілетін болады. Бұл, өз кезегінде барлық мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу кезінде "бюджеттік сүзгіні" қамтамасыз етеді.

Жалпы, өңірлік стандарттар жүйесін енгізуді мониторингтеу жолға қойылатын болады.

Өңірлер экономикасын дамыту өңірлердің ағымдағы және перспективадағы экономикалық мамандануын ескеретін болады.

Ақмола облысы

Мамандануы - индустриялық-аграрлық. Өңірлер азық-түлік, химия өнеркәсібіне, машина жасауға, сондай-ақ дәнді дақылдарды өсіру мен мал шаруашылығына маманданатын болады.

Ақтөбе облысы

Мамандануы индустриялық-аграрлық сипатта. Бәсекеге неғұрлым қабілетті перспективалы мамандану салалары: мұнай мен газ өндіру және өңдеу, металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік өнімдері мен құрылыс материалдарының өндірісі.

Алматы облысы

Өңірдің мамандануы - индустриялық-аграрлық. Экономиканың негізін перспективада ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнімдерінің және құрылыс материалдарының өндірісі, машина жасау, сондай-ақ туризм саласы құрайтын болады.

Атырау облысы

Экономикалық мамандануы - индустриялық. Мұнай өңдеуді тереңдету, мұнай химиясы, құрылыс материалдарының өндірісі және балық шаруашылығы перспективада экономиканың негізгі салалары болады.

Шығыс Қазақстан облысы

Өңір индустриялық-аграрлық болып табылады. Металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, азық-түлік өнімдерінің өндірісі перспективада мамандану болады.

Жамбыл облысы

Индустриялық-аграрлық өңір, оның мамандануы азық-түлік өнімдерінің өндірісі, химия өнеркәсібі, металлургия, ауыл шаруашылығы және құрылыс материалдарының өндірісі болады.

Батыс Қазақстан облысы

Мамандануы - индустриялық-аграрлық. Өңір экономикасы мұнай және газ өндірумен, мұнай-газ саласын өңдеуді тереңдетумен, машина жасаумен және азық-түлік өнімдерін өндірумен байланысты болады.

Қарағанды облысы

Өңір индустриялық-аграрлық болып табылады. Перспективалы мамандану көмір және металл кендерін өндіруге, металлургияға, химия өнеркәсібіне, машина жасауға негізделетін болады. Сондай-ақ фармацевтика саласы және құрылыс материалдарының өндірісі дамытылады.

Қостанай облысы

Өңір индустриялық-аграрлық бағытқа ие. Экономиканың негізгі салалары - ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп болады. Өңірде темір кендерін және асбест өндіру әлеуеті бар, машина жасау, азық-түлік өнімдерінің өндірісі, сондай-ақ бидай, ет және сүт өндіру негізгі салалар болып қалады.

Қызылорда облысы

Өнеркәсіп өңір экономикасының түйінді саласы болып табылады, оның негізін мұнай және газ өндіру құрайды. Оның рөлі келешекте төмендейтін болады. Перспективада өңдеу өнеркәсібі, көлік және оның қоймаға жинау саласы, ауыл, орман және балық шаруашылығын дамыту бойынша жобалар, оның ішінде күріш және ас тұзын өндіру дамытылуға тиіс.

Маңғыстау облысы

Өңір мұнай және газ өндіруге, сондай-ақ мұнай-газ секторында сервистік қызметтер көрсетуге маманданатын болады. Сонымен қатар, химия өнеркәсібі, машина жасау, мұнай өңдеу, құрылыс материалдарының өндірісі, көлік және логистика экономиканың маңызды салалары болмақ.

Павлодар облысы

Павлодар облысы индустриялық-аграрлық өңір болып табылады. Перспективада мамандану шикізат өңдеуді тереңдетуге, мұнай өңдеуге, химия өнеркәсібіне, машина жасауға, сондай-ақ энергетикалық қуаттарды пайдалануға негізделетін болады.

Солтүстік Қазақстан облысы

Өңірдің экономикасы аграрлық-индустриялық сипатқа ие. Перспективада мамандану өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға, мал шаруашылығына, азық-түлік өнімдерін шығаруға және машина жасауға негізделетін болады.

Түркістан облысы

Ірі индустриялық-аграрлық өңір болып табылады. Облыс экономикасы ауыл шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге мамандануын сақтап қалады. Құрылыс материалдарының өндірісі дамытылады.

Шымкент қаласы

Қала экономикасының негізін көрсетілетін қызметтер саласы құрайды. Химия өнеркәсібіне, мұнай өңдеуге, дәрі-дәрмектер өндіруге, машина жасауға, сондай-ақ көлік және логистика саласында қызметтер көрсетуге мамандану сақталып қалады.

Алматы қаласы

Елдің қаржы, сауда, мәдени, туристік, көлік-логистикалық ірі орталығы болып табылады. Қала экономикасын көрсетілетін қызметтер, сауда, туризм, көлік және логистика құрайды. Қала өзінің жаһандық қосылған құн тізбегіне қосылғанын, маманданған ғылыми-зерттеу институттарының жоғары шоғырлануына, халықаралық компаниялар мен провайдерлердің, сондай-ақ пайдаланып, инновациялардың катализаторына айналады.

Нұр-Сұлтан қаласы

Перспективалы мамандануы әкімшілік, іскерлік, қаржылық, медициналық және білім беру қызметтерін көрсету болады. Креативті индустриялар, инновациялар, экспортқа бағытталған жоғары технологиялы тауарлар және көрсетілетін қызметтер дамытылады.

1. ФҚА-ны дамыту

Бұл бағыт шеңберінде мынадай міндеттер шешілетін болады:

1) ФҚА-ны - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерацияларды дамыту;

2) облыс орталықтарында, Семей қаласында орталықтары бар ФҚА-ны дамыту.

"Бірінші" және "екінші" деңгейдегі қалалардың даму стратегиялары

Қалалық ортаның қолайлылық деңгейін бірыңғай бағалау және өлшеу ретінде халықаралық рейтингтерді жүргізу және қолдану тәжірибесі (The Economist Intelligence Unit немесе quality Of Living City Ranking жүргізетін The Global Liveability Index) зерделенетін болады. Зерделенген материалдар негізінде қалалардағы тұрмыс сапасының кезеңдік ұлттық рейтингі жасалатын болады.

Қала саясатын тиімді қалыптастыру мақсатында облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің қалаларды дамыту мәселелерін шешу, оларда қолайлы қала ортасын құру және тұрмыс сапасының өңірлік стандарттарының жүйесін енгізу жөніндегі орынбасарын дербес бекіту жүргізілетін болады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдерді қайта бөлу арқылы ірі және үлкен қалалардың жергілікті бюджеттерінің кіріс базасын ұлғайту мәселелері пысықталатын болады.

Жалпы, астана және Алматы агломерацияларының серпінді дамуын ескере отырып, елдің оңтүстігінде - немесе Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарында урбанизациялауды жеделдету бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады. Дәл осы орайда Шымкент қаласын оның Ташкент агломерациясымен жақын орналасуын ескере отырып дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті болады. Шымкент қаласын дамыту жөніндегі шаралар кешені жұмыс істеп тұрған университеттердің, колледждердің, орта мектептердің, мәдениет, денсаулық сақтау объектілерінің әлеуетін нығайту, барлық көздерден жалға берілетін (сатып алынбайтын) тұрғын үй салу, табысы жоғары жаңа жұмыс орындарын құру және т.б. арқылы жеделдетілетін болады.

Осы мақсатта перспективада оңтүстік облыстардың урбанизация орталықтары - Таразды, Талдықорғанды, сондай-ақ Қызылорданы дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Қолайлы қалалық орта қалыптастыру және тиімді қала құрылысы. Қолайлы қалалық орта білімді және талантты адамдарды тарту мен ұстап тұру үшін салмақты фактор болып табылады, бұл қалалардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мен арттыру үшін қажет (BCG, 2018).

Осыған байланысты қоғамдық кеңістіктерді (шағын парктерді, скверлерді, спорт алаңдарын және жаппай болатын және демалатын өзге де орындарды) құру және абаттандыру, қалаларды сапалы күтіп-ұстау, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі және басқалар жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі бойынша қалалықтар үшін ыңғайлы болатын "ықшам қалаларды" қалыптастыру бойынша шаралар қабылданатын болады. Бұл үшін қалаларды дамыту проблемалар қаланың әкімшілік шекаралары шеңберінде шешілетін әкімшілік-аумақтық тәсілден функционалдық тәсілге, яғни қаланың әкімшілік шекараларына кірмейтін жақын орналасқан елді мекендерді қамти отырып, кешенді тәсілге өзгертілетін болды.

Осыған байланысты қалалардың егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарлары қайта қаралатын және объектілердің, қызметтер мен игіліктердің "20 минуттық кадамдық қолжетімділік" жүйесін енгізуді көздейтін тиісті түзетулер енгізілетін болады.

Қалалардың шеткі аймақтарын дамыту және олардың орталықтармен көліктік байланысын қамтамасыз ету арқылы қалалардың шеткі аймақтарын дамыту проблемаларын шешу

Ірі және үлкен қалалардың шеткі аймақтарын, олардың қала орталықтарымен көліктік байланысын дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Қалалардың шеткі аймақтарында жеке тұрғын үй құрылысын салуды шектеу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жобаларды іріктеу мына өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) объектілердің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары шетінде және астанаға іргелес Ақмола облысының елді мекендерінде орналасуы;

2) ірі қалалардың орталықтары мен шеттерінің дамуындағы теңгерімсіздікті жоюға бағытталған инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға арналған жобалар.

Жобаларды қарау және іріктеу тетігі бюджет заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес келуге тиіс (2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, "Нысаналы даму трансферттерін қарау және іріктеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 126 бұйрығы және басқалар).

Астананың және Ақмола облысы Ақкөл қаласының тәжірибесі бойынша халықтың тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын (денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қалалық шаруашылықты басқару және басқа да мәселелер) қамтитын "Smart city" жүйесін енгізу елдің барлық қалаларында кезең-кезеңмен жалғасатын болады. Бұл ретте "Smart city" жүйесін енгізу интеллектуалды бейнебақылау жүйесін құруға және көшелер мен азаматтардың көп келетін жерлерде тануға, жол қозғалысын бақылауға бағытталатын болады. Осы шаралар азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оқиғаларға жедел ден қоюға бағытталған.

Қалаларды инновациялық және технологиялық дамыту

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасында анықталған географиялық, табиғи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеретін өңірлердің перспективалы бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бәсекеге қабілетті артықшылықтарын одан әрі дамыту және мамандануын тереңдету үшін негіз болуы керек.

Мәселен, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде екпін ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз ететін және экспортқа бағытталған тиімді өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына, нысаналы шетелдік инвесторларды нысаналы тарту арқылы жарандық құн түзу тізбегіне енгізуге жасалатын болады, сондай-ақ салалық басымдық беруден нақты басым тауарларды анықтауға өту жүзеге асырылатын болады.

Ынталандыру шаралары басым деп таңдалған жоғары және орташа қайта бөлініс тауарларын өндірушілеріне ғана берілетін болады. Бұл ретте басым тауарлар, оларды өндіруге ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық

жұмыстарды, инновацияларды, адами капиталды, экономиканың креативті секторларын (жарнама және басқалар) жұмылдыруға байланысты, сыртқы конъюнктураның құбылуына неғұрлым аз ұшырайды.

Жаһандық құн түзу тізбегі жүйесіне Қазақстанды ілгерілету бойынша жұмыс алгоритмі отандық кәсіпорындарға, олардың тауар позицияларына инновациялылық және технологиялылық тұрғысын талдау жүргізуді болжайды. Трансұлттық корпорацияларды тартумен өңірлердегі ЕЭА және ИА әлеуеті барынша пайдаланатын болады.

Өнеркәсіптің тамақ, химия, мұнай-газ химиясы, металлургия, фармацевтика, машина жасау және агрохимия сияқты салаларындағы өңірлердің мамандануымен және өнеркәсіптік әлеуетімен ұштастырылған республикалық маңызы бар шамамен 40 жобаны іске асыру көзделеді.

Ынталандырудың тікелей шараларынан басқа технологиялық реттеу, метрология, стандарттау, технологияларды, инновацияларды және цифрландыруды дамыту, индустриялық-инновациялық дамытуды талдамалық сүйемелдеу саласында да жүйелі шаралар қабылданатын болады.

Облыстарды олардың үлкен қалаларымен (облыс орталықтарымен) бірге одан әрі инновациялық және технологиялық дамыту әр түрлі факторлардың әсеріне тәуелді болады - бұл негізгі қорларды технологиялық жаңарту және жаңғырту, инновацияларды енгізу, ҒЗТКЖ шығындарын арттыру, патенттік белсенділік және басқалар. Қазіргі уақытта негізгі құралдарды жанартудың коэффициенттеріне едәуір жоғары болуына қарамастан, негізгі құралдардың тозу деңгейі Маңғыстау (50,2%), Қызылорда (48,3%), Ақтөбе (42,5%), сондай-ақ Қарағанды (41,2%) облыстары сияқты өңірлерде жоғары деңгейде.

ҒЗТКЖ ішкі шығындардың бүкіл көлемінің 80%-тен астамы Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының, сондай-ақ Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Атырау және Қарағанды облыстарының үлесіне тиесілі.

2017 жылы өнертабысқа 650 патент берілген. Олардың жартысынан астамы (382 патент) Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына тиесілі.

Таланттарды тарту

Қалада білімді адамдардың үлесі орта есеппен жоғары білімі төмен адамдардың өнімділігін арттырады. Айталық, зерттеулер, университеттер түлектері үлесінің 10%-ке артуы жоғары білімі жоқ адамдардың өнімділік деңгейін 5-6%1-ке арттыратынын көрсетті.

Бұл ретте ірі қалалар неғұрлым білімді адамдарды тарту үрдісі бар екенін атап өту қажет және бұл көлемі аз қалалармен салыстырғанда ірі қалалардың өнімділігін арттырады.

Бірінші деңгейдегі қалаларда филиалдар ашу және/немесе әлемге танымал жоғары оқу орындарының франшизаларын алу үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Республиканың қолданыстағы заңнамасына сәйкес елдің жоғары оқу орындарында "урбанистика" және "қалалық жоспарлау" мамандықтары бойынша студенттерді оқытуға гранттар бөлу арқылы оларды даярлауға жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылданады. Осы салалардың мамандары шетелдік жоғары оқу орындарына олардың біліктілігін арттыру үшін оқуға және тағылымдамаға жіберілетін болады.

Тұрғын үй нарығы

Елде мобильді еңбек нарығын қалыптастыру, тұрғындарды шалғай АЕМ-ден және алыс моно-және шағын қалалардан ірі және үлкен қалаларға көшіруге қажетті жағдайлар жасау үшін ұсыныстар әзірленеді және кейіннен жеке инвесторлардың қатысуымен жалға берілетін тұрғын үйдің жаппай құрылысын ынталандыру жөніндегі тетіктер енгізілетін болады.

ФҚА орталықтарымен қатар осы орталықтарға іргелес елді мекендерді дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады: жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындары орналастыру, тұрғын үй салу.

Мемлекеттік органдар өз өкілеттіктері мен әкімшілендірілетін бағдарламалық құжаттар шегінде ФҚА орталықтарын және оларды қоршаған елді мекендерді дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізетін болады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды мониторингтеу мен бақылаудан басқа, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, көрсетілген қалалардың шеткі аймақтарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуды жүзеге асыратын болады; моно-және шағын қалалардың инженерлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бюджеттік инвестициялық жобаларды, бірінші кезекте ФҚА құрамында іске асыратын болады; "Бизнестің жол картасы - 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моно- және шағын қалаларда, бірінші кезекте ФҚА, тірек АЕМ құрамында (ауыл шаруашылығынан басқа қызмет түрлерін (туризм, халық кәсіпшілігі, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу) дамытуға назар аудара отырып) кәсіпкерлікті басым тәртіппен қолдау; "бюджеттік сүзгі" тетігін қолдану (жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың өңірлік саясат басымдықтарына сәйкестігі бөлігіндегі қорытынды).

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасында экономиканы жүйелі әртараптандыру (жоғары технологиялы өндірістерді дамыту

, экономиканы "цифрландыру", жасыл экономика, университеттер мен кәсіпорындардың ғылыми-өндірістік байланысы және басқалар); Қазақстан Республикасын инфрақұрылымдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасының жобасында агломерациялар орталықтарының өзара және Еуразиялық континенттегі ірі қалалардың көлік байланысын жақсарту; Тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасының жобасында жеке инвестицияларды тарту есебінен сатып алусыз жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту арқылы елдің еңбек ресурстарының ұтқырлығына жәрдемдесу, ФҚА орталықтарының да, басқа елді мекендердің де инженерлік инфрақұрылымын басым тәртіппен салу және жаңғырту жұмыстарын көздейтін болады.

Өңірлерде осы инженерлік инфрақұрылымды (электрмен, газбен, сумен қамтамасыз ету және су бұру, телекоммуникациялар желілері) жергілікті атқарушы органдар аумақтарды дамыту бағдарламалары (облыстардың, аудандардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың) шеңберінде де салатын және жаңғыртатын болады.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моно-және шағын қалаларда, АЕМ-де мемлекеттік қолдау шаралары (шағын кредит беруді кеңейту, кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру, мемлекеттік гранттар беру және басқалар) көрсетілетін болады.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың әкімдіктері мүдделі орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, ФҚА орталықтарда және өзге де елді мекендерде:

1) балалар мен жастардың жоғары дәрежелі мектеп, техникалық және кәсіптік , жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы;

2) агломерациялар орталықтарында әлемдік/өңірлік (еуразиялық) деңгейдегі университеттерді қалыптастыру, сондай-ақ әлемге танымал университеттердің филиалдарын тарту;

3) жоғары білікті шетелдік университеттердің оқытушылары, өзге де қызмет салаларының мамандары және отандық таланттар үшін қолайлы тұрмыс жағдайларын жасау;

4) мәдениет саласын, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, оның ішінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін қабылданған денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2026 жылға дейінгі өңірлік перспективалық жоспарларын орындау;

5) қолжетімді және қолайлы тұрғын үйді салуды ұйымдастыру, қоғамдық көліктің жұмыс істеуі, сондай-ақ инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды салу/жаңғырту;

6) қолайлы экологиялық жүйе (экожүйе) мен қолайлы қалалық орта құру (қалалық жинақы құрылыс, объектілердің "қадамдық" қолжетімділігі, жасыл қалалық орта және басқалар);

7) қалалық инфрақұрылымды тиімді басқару үшін қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді қалыптастыру және пайдалану (қауіпсіздік, ТКШ, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, экология, қаланы басқару, бизнес және т.б.) жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Бұдан басқа, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстардың әкімдіктері әлемде, бірінші кезекте еуразиялық кеңістікте танымал елдің ірі және үлкен қалаларының брендін қалыптастырады.

Алматы қаласының Gate City бірінші серіктес-қаласын дамыту

Gate City бірінші серіктес-қаласын дамытудың негізгі тұжырымдамасы Алматы агломерациясының солтүстік бөлігінде Алматы қаласының жүйесіне антропогендік әсері азайтылған, экономикалық және экологиялық тепе-теңдігі жақсартылған жұмыс және тұрғын кеңістіктерінен тұратын технологиялық интеграцияланған экономикалық жүйе құру болып табылады.

Жобаны іске асыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен инженерлік инфрақұрылым салуды, жеке инвестицияларды тартуды, бюджет қаражаты мен жеке құрылыс салушылар есебінен тұрғын үй салуды, мемлекеттік бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалану есебінен әлеуметтік объектілер салуды, жұмыс күшін инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген индустриялық аймақтар мен кластерлік кешендер құру арқылы жұмыспен қамтамасыз етуді қамтиды.

Бірінші кезекте 190 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда.

Іске асырыла бастағаннан бері республикалық бюджеттен 35,9 млрд. теңге бөлінді (инженерлік ізденістерге, қала құрылысын, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуға). Құрылыстың бірінші кезеңі жалпы сумен, газбен, электрмен және уақытша жолдармен қамтамасыз етілді (9 ірі объект салынды). Көлік жол айырығы жұмыстары аяқталуда. 200 МВт жылу трассасы бар қазандықты (4 іске қосу кешені) пайдалануға беру жоспарлануда.

Жобаны іске асырудың есептік кезеңінің нәтижелері бойынша 2030 жылдан кейін Golden City, Growing City және Green City құрылысы туралы шешім қабылданады.

"Ақылды және технологиялық өндіріс"

Үлкен қалалардың "ақылды және технологиялық өндірісін" дамытуды "білім экономикасына" бағдарланған қаланың тұрақты өсіп келе жатқан экономикасының моделін құрумен байланыстыру қажет.

Үлкен қалалардың қазіргі бар объективті географиялық, табиғи-климаттық және ресурстық шектеулерін ескере отырып, жаһандық қалаларға тән "білім экономикасы" секторларын басым дамыту қажет.

Қазақстанның ірі және үлкен қалаларының экономикасы әлемнің жаһандық қалаларының озық тәжірибесін ескере отырып, өңдеуші өнеркәсіптің жоғары технологиялық секторларына (машина жасау, станок жасау, биотехнология, химия өнеркәсібі, фармацевтика) шоғырлануға тиіс.

Бұл өндірістер ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсалатын шығыстың жоғары деңгейімен және жұмыскерлердің STEM үлесімен (ғылыми, технологиялар, инжиниринг, математика салаларындағы жұмыскерлер), сондай-ақ жоғары жалақы төлеумен және сапалы жұмыс орындарын құру мүмкіндіктерімен сипатталады. Оларға баса назар аудару "білім экономикасына" және тұрақтылыққа бағдарланудың мәлімделген қағидаттарына сәйкес келеді. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар ірі және үлкен қалаларда өнеркәсіптің осы секторларын дамытуға жәрдемдесетін болады.

Мемлекеттік орган архитектурасы

Қазіргі заманғы қала өзінің бәсекеге қабілеттілігін қолдау және арттыру үшін технологиялардағы және осыдан туындайтын адамдардың мінез-құлқындағы болып жатқан әлеуметтік және мәдени өзгерістерді ескеруге тиіс. Цифрлық технологиялар қалалардың бәсекеге қабілеттілігі туралы түсінікті түбегейлі өзгертеді және негізгі нарықтардан және сауда ағындарынан географиялық алшақтыққа байланысты шектеулердің әсерін төмендетуге көмектеседі.

Қазіргі уақытқа дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік орган архитектурасы болған жоқ. Сонымен бірге, "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдар, оның ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік орган архитектурасын бекітуге және оны іске асыруды, дамытуды қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік орган архитектурасы жергілікті атқарушы органдардың және оған ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтер көрсетуінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органның ақпараттандыруға арналған шығысын оңтайландыруға, ақпараттық және талдау жүйелерінің қайталануына жол бермеуге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және т.б. оңтайлы таңдау мен тиімді енгізуді қамтамасыз етуге арналған. Осыған байланысты облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың және астананың әкімдіктері мемлекеттік орган архитектурасын әзірлеу және іске асыру, оны сүйемелдеуді және дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыратын болады.

Креативті секторларды дамыту

Әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 3%-ін креативті секторлар құрайды. Жаһандық қалаларда бұл сектор 10%-тен астам болуы да мүмкін. Креативті секторларға 9 бағыт жатады, олардың ішінде түйінділері жарнамалық қызмет, сәулет, дизайн, сондай-ақ қазіргі заманғы визуалды өнер болып табылады.

Осыған байланысты республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстардың әкімдіктері жергілікті жағдайларды ескере отырып, жылжымайтын мүлікті жеңілдікпен жалға беруді, креативті білім беруді қолдау бағдарламасын және басқаларды қамтитын экономиканың осы секторын қолдау шаралары кешенін қабылдауы қажет.

Қалалар брендин әзірлеу және ілгерлету

Нысаналы нарықтарда республиканың қалалары туралы бірегей өнім өндіру орталықтары, эксклюзивті игіліктер мен көрсетілетін қызметтер, саяхат үшін әлеуетті қызықты орындар туралы түсінік жоқ. Тіпті жоғары тұрмыс сапасы үшін барлық қажетті ішкі жағдайлар жасалса да, шетелдіктердің пайымында қалалардың айқын және тартымды бейнесінің болмауы олардың қалаларға баруға қызығушылығы үшін кедергілердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстардың әкімдіктері ірі және үлкен қалалардың брендин әзірлейтін болады.

Қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту

Елдің ірі қалаларында жол-көлік инфрақұрылымына бірталай жүктеме түсетіні, жаңа салынған аудандарда жол желісіне қолжетімділіктің жеткіліксіз болуы және автомобиль санының көбеюіне байланысты көлік ағынының орташа жылдамдығының баяулауы байқалады.

Осыған байланысты ірі қалалардың көліктік мастер-жоспарлары әзірленетін болады. Олар тиімділік пен өткізу қабілетін арттыру мақсатында қаланың жол желісінің топологиясын өзгерту және көлік ағынының қозғалысын реттеу сияқты қаланың тиімді жол желісін қалыптастыру жөніндегі бастамаларды; жаңа жолдарды жобалауға қоғамдық көлік пен велосипед жолдары үшін жолақтар салуды ескеретін талаптар енгізу арқылы қолданыстағы жол желісін қайта ұйымдастыруды; қоғамдық көліктің маршруттық желісін ұйымдастыруды жақсартуды; бастауыш және орта мектеп оқушыларын тасымалдау жүйесін дамытуды; жеке автокөлікті пайдаланудың тартымдылығын төмендетуді қамтитын болады.

Көліктік байланыс

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, ФҚА орталықтарының моно- және шағын қалалармен, сондай-ақ ФҚА ықпал ету аймағындағы ауылдармен көліктік байланысты қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Халықаралық стандарттарға (Жапониядағы "жол станциялары" типі бойынша) сәйкес келетін транзиттік трассалардың бойынан жол маңындағы инфрақұрылым объектілерін құру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Осы шаралар кешенді түрде ФҚА құрамындағы барлық елді мекендердің үйлесімді дамуына қол жеткізуге, көші-қон ағындарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде авариялық деполардың орнына 18 өрт сөндіру депосын салу, олардың ішінде қалаларда - 3, бес мың және одан көп тұрғыны бар, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің өрт сөндіру бөлімшелерінен 20 км астам қашықтықта орналасқан елді мекендерде - 5, 4 сел ұстайтын бөгет, 2 селден қорғайтын жағалауды бекіту бөгеті, 4 қар ұстайтын қалқан, 1 өзен арнасын тұрақтандыру, 1 көшкінге қарсы құрылысты салу аяқталады. Сонымен қатар, республиканың 14 облысында және 3 қаласында халықты хабардар ету жүйесін кезең-кезеңмен құру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

ФҚА құрамына кіретін моно- және шағын қалалар мен АЕМ-де инженерлік инфрақұрылымды дамыту инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы осы елді мекендерде тұратын тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту үшін жүзеге асырылатын болады.

Инфрақұрылымдық жобалар:

1) ТКШ объектілерін (сумен жабдықтау, кәріз объектілері, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау жүйелері) салуды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді;

2) инженерлік-көліктік инфрақұрылымды салуды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді (кентішілік және ауылышылық жолдар, кірме жолдар, бөгеттер, дамбалар мен көпірлер);

3) тұрғын үй салуды және күрделі жөндеуді, авариялық тұрғын үйлерді бұзуды;

4) елді мекендерді абаттандыруды (көшелерді, саябақтарды, гүлзарларды жарықтандыру және көгалдандыру, иесіз объектілерді бұзу, ҚТҚ полигондарын, қоршауларды, балалардың ойын және спорт алаңдарын абаттандыру) қамтиды. ФҚА құрамына кіретін ауылдардан орталық қалаға дейінгі жергілікті жолдарды салуға және жөндеуге ерекше назар аударылатын болады.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда моно- және шағын қалалардың инженерлік инфрақұрылымын салуды және қайта жаңартуды (авариялық

объектілерді ауыстыру, объектілердің болмауы) қаржыландыруға олардың мәртебесі мен тұрғын санына қарамастан (ФҚА құрамында немесе жоқ) жол беріледі.

ФҚА құрамына кіретін моно- және шағын қалаларда экономиканы әртараптандыру және шағын және орта бизнесті дамыту кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Осы бағыт шеңберінде ФҚА құрамында кіретін моно- және шағын қалалардың экономикасын ұзақ мерзімді әртараптандыру үшін "зәкірлі" инвестициялық жобаларды (индустрияландыру бағдарламаларының құралдарын қоса алғанда) іске асыру жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар мүдделі орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, моно- және шағын қалаларда іске асыру үшін 1-3 және одан астам "зәкірлі" инвестициялық жобаларды іріктейтін болады.

ФҚА құрамына кіретін моно-және шағын қалалардың экономикалық әлеуетін дамыту мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

1) моноқалаларда олардың ерекшеліктерін ескере отырып, холдингтер мен компаниялардың қосалқы және қызмет көрсететін өндірістерін, тапсырыстарын орналастыру.

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ компанияның ерекшеліктерін, жобаның қаржылық-экономикалық және өндірістік орындылығын ескере отырып, моноқалаларда инвестициялық жобаларды ықтимал іске асыру бойынша шаралар қабылдайды;

2) қала түзуші кәсіпорындардың әлеуетті инвесторлармен импорт алмастыратын өнімдер (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу мүмкіндігін қарау (сапалық сипаттамалары мен бәсекеге қабілетті бағаға сәйкес болған жағдайда).

Жергілікті атқарушы органдар өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен бірлесіп, қала түзуші кәсіпорындардың мамандануына және (импорт алмастыру және оқшаулау) қажеттілігіне сәйкес әрбір моно- және шағын қалада кемінде бір инвестициялық жобаны іске асыруға дайын әлеуетті инвесторларды іздестіру бойынша шаралар қабылдайтын болады;

3) қолданыстағы мамандануды қалпына келтіру не жаңа мамандануды қалыптастыру үшін стратегиялық инвесторды тарту арқылы моно- және шағын қалаларда бұрынғы мамандануды қалпына келтіру.

Сонымен қатар, жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен тікелей келіссөздер негізінде пайдалы қазбалар өндірілетін кен орнын пайдалану мерзімі шектеулі кәсіпорындарға жер қойнауын пайдалану құқығын беру мүмкіндігі қаралатын болады.

Толық барлау бойынша шараларды айқындай отырып, моно- және шағын қалаларға жақын орналасқан пайдалы қазбалардың перспективалы кен орындарын анықтау мемлекеттік тапсырма шарттары шеңберінде немесе кәсіпорынның шикізат базасын кеңейтуге мүдделі жеке инвесторлардың есебінен жүзеге асырылады.

Инвестициялық бағдарлама әзірлей отырып жинақталған геологиялық ақпаратқа ауқымды талдау жүргізіледі және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, өңірлердің ресурстық базасын дамыту бойынша кешенді жоспарлар жасалатын болады.

2. ФҚА құрамына кірмейтін моно- және шағын қалаларды дамыту

Бұл бағыт шеңберінде мынадай міндеттер шешілетін болады:

1) ФҚА құрамына кірмейтін, тұрғындарының саны 50 мың адамнан астам моноқалаларды дамыту;

2) шекара маңындағы моно- және шағын қалаларды іргелес аумақтарымен бірге дамыту.

ФҚА құрамына кірмейтін, тұрғындарының саны 50 мың адамнан астам моноқалаларды дамыту

Бұл міндетті шешу үшін:

1) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моно- және шағын қалалардағы шағын және орта бизнесті дамыту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген базалық мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен, өңірлік стандарттар жүйесімен қамтамасыз ету көзделеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған және басқада салаларды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының жобаларында ФҚА құрамына кірмейтін қалаларда осы елді мекендердегі жастардың адами капиталын арттыру бойынша шаралар іске асырылады. Бұл моно- және шағын қалалардағы жастарға ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Осы қалалардағы тұрғындардың ағымдағы жұмыспен қамтылуы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы, "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қолдау табады.

Жалпы, ФҚА-мен моно- және шағын қалалармен байланысы жоқ шалғайдағы елді мекендерге қатысты мемлекеттік саясат олардың тұрғындарын ірі және үлкен қалаларға көшіруге, облыстардың ірі және үлкен қалаларында жалға берілетін және коммуналдық тұрғын үйлерді жаппай салуға, шалғайдағы моно- және шағын қалалар жастарының зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталатын болады.

"Зәкірлік" инвестициялық жобаларды іске асыру, холдингтер мен компаниялардың, қала түзуші кәсіпорындардың қосалқы және қызмет көрсететін өндірістерін орналастыру арқылы экономиканы әртараптандыру ерекше жағдайларда мемлекеттік қолдау шараларын алады. Атап айтқанда, егер өңдеуші өнеркәсіптің жаңа өндірісінің өнімі ұзақ мерзімді перспективада экономикалық дәлелденген экспорттық әлеуетке ие болса.

Сонымен қатар, 50 мыңнан көп тұрғыны бар моноқалаларда облыс әкімдіктері экономикалық жаңғырту (экономиканы әртараптандыру) бойынша қосымша шаралар қабылдайтын болады, өйткені бұл елді мекендерде жоғары білікті мамандар мен жұмысшылардың айтарлықтай әлеуеті бар және қала түзуші кәсіпорындардың жұмысы кенеттен тоқтаған жағдайда қызметкерлердің ірі ұжымдарын жұмысқа орналастыру қажет болады.

Ресей Федерациясының тәжірибесі бойынша озыңқы өсу аумақтарын (бұдан әрі - ӨӨА) құру мәселелері пысықталатын болады. Ресейде ӨӨА 70 жылға нақты ірі инвесторларға негізделіп құрылады.

ӨӨА пайдалы қазба орындарын зерделеуді жүргізуге және акцизделетін тауарларды өндіруге рұқсат етіледі.

Іргелес аумақтарымен қоса шекара маңындағы моно- және шағын қалаларды дамыту

Шекара маңындағы шағын қалаларды, оның ішінде шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және абаттандыру арқылы дамыту жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің және оларға (өткізу пункттеріне) іргелес елді мекендер айналасында сервистік орталықтардың инфрақұрылымын дамыту тұрғындарды жұмыспен қамту үшін қосымша мүмкіндіктерді ұйымдастыруға, сондай-ақ елдің транзиттік-көліктік әлеуетін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шекара маңы аумағында орналасқан шағын қалалар (Жаркент, Зайсан, Сарыағаш, Шардара, Шемонаиха, Мамлютка, Булаево, Жетісай), сондай-ақ Жітіқара моноқаласы Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың жергілікті атқарушы органдары қабылдаған тиісті облыстардың даму бағдарламалары мен шекара маңы аумақтарын дамытудың кешенді жоспарлары

шеңберінде абаттандыру бойынша мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын алатын болады. Бұл осы қалалардың шекаралық және кедендік бақылаудың форпостары болып табылуына байланысты. Осыған байланысты шекара маңындағы аумақтардағы өткізу пункттерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жалпы, барлық моно- және шағын қалалар бойынша ағымдағы проблемалардың өзектілігін және 5, 10, 20 жылдағы даму әлеуетін бағалауды ескере отырып, олардың даму басымдықтарын жіктеу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар аумақтарды (облыстарды) дамыту бағдарламаларының құрамында моно- және шағын қалалардың экономикалық даму жоспарларын әзірлейтін болады.

Жалпы, перспективалы елді мекендердің, оның ішінде ФҚА құрамындағы және ФҚА-дан тыс, тұрғыны 50 мың адамнан көп моноқалалардың, шекара маңындағы моно- және шағын қалалардың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатын болады.

3. АЕМ-ді дамыту

АЕМ-ді дамыту бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу мынадай басым бағыттарға сәйкес жүзеге асырылатын болады:

- 1) аудан орталықтарын қоса алғанда, тірек АЕМ-ді дамыту;
- 2) басқа АЕМ-ді дамыту;
- 3) ауылдық жердің кадрлық әлеуетін арттыру;
- 4) шекара маңындағы аумақтарды дамыту.

Ауылдық аумақтардың ағымдағы жай-күйін бағалау үшін жергілікті атқарушы органдар АЕМ-нің өндірістік, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарын мониторингтеуді жүзеге асыратын болады және оның негізінде өңірлік даму саласындағы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен АЕМ-ді әлеуметтік-экономикалық дамыту әлеуетін айқындауға арналған өлшемшарттарына сәйкес олардың даму әлеуеті айқындалатын болады.

Өлшемшарттар бойынша негізгі тәсілдердің бірі кластерлік тәсіл болып табылады, онда АЕМ жеке-жеке емес, оқшауланған кластер-топтар (тірек ауылдан 10-15 км радиустағы) ретінде қарастырылады, мұның өзі халықтың қамтылуы бойынша, әсіресе ортақ пайдаланылатын инфрақұрылымға қатысты жергіліктендірілген топ-кластерлер шеңберінде неғұрлым тұтас көрініс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аудан орталықтарын қоса алғанда, тірек АЕМ-ді дамыту

Тірек АЕМ-ді дамыту "Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Тірек АЕМ негізінен тұрғындардың тығыздығы, инфрақұрылымның қолжетімділігі, жұмыс орындарын ұйымдастыру перспективасы және көлік логистикасы бойынша сипатталады.

Бұл ауылдар екі санатқа бөлінеді:

- 1) ФҚА құрамына кіретін ауылдар;
- 2) даму әлеуеті бар, ФҚА-дан тыс ауылдар.

Агломерациялар мен "екінші деңгейдегі" қалаларды дамыту жөніндегі жоғарыдағы кіші бөлімдерде аталып өткендей, ФҚА құрамына кіретін АЕМ өздерінің орталық-қалаларымен (инженерлік, көлік инфрақұрылымын салу/жаңғырту және басқалар) синхронды түрде қамтылатын болады.

ФҚА құрамына кіретін және кірмейтін АЕМ бойынша "Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру жалғастырылатын болады. Бұл даму әлеуеті жоғары (тірек ауылдар) шамамен 1,1 мың АЕМ-нің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру тірек АЕМ-де ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартумен қатар оларды тірек ауылдардан 10-15 км аспайтын қашықтықтағы 2,0 мыңнан астам АЕМ үшін Қазақстан заңнамасында көзделген мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну орталықтары ретінде дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы, "Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру үш базалық бағыт шеңберінде жүзеге асырылады, бұл - ауылдық аумақтарды жаңғырту, агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) дамыту және қоғамның ауылға деген көзқарасын өзгертіп, ауылдағы адам еңбегінің жоғары мәртебесін мойындау бағытында қоғамдық сананы жаңғырту.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде мына шығыстарды қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар көзделеді:

1) ТКШ объектілерін (сумен жабдықтау, кәріз, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау объектілері) күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу;

2) әлеуметтік-мәдени объектілерді (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт объектілері) күрделі және ағымдағы жөндеу;

3) инженерлік-көліктік инфрақұрылымды (кентішілік және ауылышылық жолдар, кірме жолдар) күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу;

4) сумен, жылумен, газбен, электрмен жабдықтау, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру жабдығы мен желілерін салу және реконструкциялау.

Бұл ретте облыс әкімдіктері "Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде іске асыру көзделген іс-шараларды іріктеу кезінде басқа мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын іс-шараларды алып тастауға тиіс.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасын іске асыру үшін АЕМ-ді іріктеуді облыс әкімдіктері АЕМ-нің әкімшілік мәртебесін, даму перспективасының болуын, тұрғындар санын, шекара маңында орналасуын және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін сипаттайтын басқа да көрсеткіштерді негізге ала отырып жүзеге асырады.

Іріктелген АЕМ тізбесі өңірлік даму жөніндегі уәкілетті органның қарауына және мақұлдауына жіберіледі.

Осы бағытты іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ басқа да көздер есебінен, өз кезегінде АЕМ-нің белгілі бір тобына қызметтер көрсететін тірек АЕМ-де кепілдендірілген мемлекеттік, әлеуметтік және коммерциялық қызметтерге қолжетімділік мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Ауылда жастардың адами капиталын дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Мәселен, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен "Ауыл - Ел бесігі" жобасы (әлеуметтік объектілерді тірек ауылдарда шоғырландыру, тірек ауылдардың өздерін (тірек ауылдарды) 10-15 км қашықтықта қоршай орналасқан ауылдармен байланысын жақсарту) шеңберінде облыс әкімдіктері ШЖМ-ны қысқарту жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Бұл ретте 10-11 жасқа дейінгі балалар оқитын шағын жинақталған бастауыш мектептерді қозғамай, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектептердің қысқартылуы мүмкін екені ескерілетін болады.

Бұдан басқа, облыс әкімдіктері білім беру ұйымдарын автокөлікпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушыларды тұрақты негізде қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыруды бақылау жөніндегі қызметті жандандыратын болады.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасын кешенді іске асыру және мультипликативтік әсер алу мақсатында оны орындауға бірқатар орталық мемлекеттік органдар тартылатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі "Ауыл - Ел бесігі" жобасын іс жүзінде іске асырудан басқа (жергілікті атқарушы органдар ұсынған әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды салу/жаңғырту, АЕМ-ді абаттандыру жөніндегі жобаларды іріктеу; қаржы ресурстарының қажеттігін есептеу және қаржыландыру көздерін айқындау; инвестициялық жобалардың орындалуын мониторингтеу және бақылау; АЕМ Өңірлік стандарттар жүйесінің игіліктерімен және көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз етілуі), "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ауылда кәсіпкерлікті қолдауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды (қаржы қаражатына қолжетімділік; тірек АЕМ кәсіпкерлерінің (ауылдық кластерлер орталықтарының) өндірістік қуаттарын ұлғайту;

тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуын ұлғайту үшін ауыл шаруашылығынан басқа түрлерін дамыту (туризм, халық кәсіпшілігі, ауыл шаруашылығы өнімін терең қайта өңдеу); ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің кредиттеріне кепілдік беру үлесін 50%-тен 85 %-ке дейін ұлғайту ; микроқаржы ұйымдарын ауылдық елді мекендер кәсіпкерлеріне кредит беруге тарту).

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бірыңғай шаруашылық кешен ретінде ауыл кластері шегінде ауыл шаруашылығы өндірісін мақсатты түрде өсіру жөніндегі шараларды іске асыратын болады. Бұл өз кезегінде АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін, жер ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды және басқаларын қамтамасыз етеді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде АЕМ-ге мемлекеттік қолдау шаралары (шағын кредит беруді кеңейту, кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру, мемлекеттік гранттар беру және басқалар) көрсетілетін болады.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті автожол инфрақұрылымын дамыту (жергілікті атқарушы органдар ұсынған: а) тірек ауылдан аудан орталығына немесе трассаға дейін, б) шағын ауылдардан олардың орталығына (тірек ауылына) дейін қатты төсемі бар жолдарды салу/қайта жаңарту жөніндегі жобаларды іріктеу, сондай-ақ АЕМ-ді ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі " Рухани жаңғыру" бағдарламасының шеңберінде ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту және ең алдымен тірек АЕМ-де тұру үшін тартымды жағдайлар жасау бойынша "Ауыл - Ел бесігі" жобасын белсенді ақпараттық жария етуге жәрдемдеседі.

Жалпы, ұзақ мерзімді перспективада республика тұрғындарының бір бөлігі (адами даму индексі жоғары елдердің үлгісі бойынша - шамамен 15-20%) ауылда тұратын болады. Бұл әлемдегі халық санының өсуі және климаттың жылынуы контекстінде әлемдік азық-түлік өндірісіндегі Қазақстанның ауыл шаруашылығы рөлінің артуына байланысты.

Бұл бірқатар басқа факторларға да байланысты: ауылдық аумақтардың экологиясы қалалық (электромагниттік өрістердің аз тозаңдануы мен қуаты және басқалары) экологияға қарағанда әлдеқайда жақсы; ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің өсуін және қожалық ұстайтынын ескерсек, ауыл тұрғындарының табысы қалалықтарға қарағанда аз болмайды;

АКТ-инфрақұрылымын ауқымды ілгерілету АЕМ-мен ірі қалалардағы цифрлық теңсіздікті теңестіреді.

"Ауыл - Ел бесігі" жобасы бойынша АЕМ-ді кешенді дамыту тиісті мемлекеттік органдар іске асыратын басқа да бағдарламалық құжаттар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін облыс әкімдіктері:

1) "Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде тірек АЕМ-ді дамытудың жол карталарын іске асырады - әлеуметтік-экономикалық даму паспорттары (жоспарлары), оларда қол жеткізу көрсеткіштері көрсетіліп, ауыл экономикасын, инфрақұрылымды дамыту бойынша іс-шаралар көзделеді.

"Ауыл – Ел бесігі" жобасын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың "Еңбек" және "Бизнестің жол картасы – 2025" кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру жолымен "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ арқылы аграрлық бизнесті қаржыландыру бойынша шаралармен үндестіру жөнінде шаралар қабылданатын болады;

2) электрмен, газбен жабдықтау, байланыс (телефон, интернет) желілерін салу/жаңғырту және басқа да АЕМ бойынша объектілер мен көрсетілетін қызметтерді өңірлік стандарттар жүйесінің параметрлеріне жеткізу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерді үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізеді;

3) "Дипломмен ауылға!" жобасын одан әрі іске асыру бойынша шаралар қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, тірек АЕМ-нің ауылдық кластердің басқа елді мекендерімен және аудан орталықтарымен немесе республикалық/облыстық маңызы бар автомобиль жолымен (трассамен) байланысын жақсарту жөніндегі шаралар кешенін қабылдайды.

Тірек АЕМ-де облыс әкімдіктері ауыл шаруашылығынан басқа қызметтер түрлерін (ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, халық кәсіпшілігі, қызмет көрсету саласы және басқалар) дамытуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды тұрақты негізде қабылдайтын болады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, ауыл тұрғындарының табысын арттыру жалғастырылатын болады.

Тірек АЕМ-де мемлекеттік және коммерциялық қызметтер көрсету орталықтарын дамыту және құру жөнінде қосымша шаралар қабылданатын болады.

Басқа АЕМ-ді дамыту

Басқа АЕМ-ді дамыту қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар және облыстар мен аудандардың даму бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бұл АЕМ бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қолдау және дамыту, ұсақ тауарлар өндірістерін орта және ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына біріктіру, шағын бизнесті дамыту, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен нормативтік қамтамасыз етуге жеткізу, ауылдық инфрақұрылымды қалыпты жағдайда қолдау жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Ауылдық жерлердің кадрлық әлеуетін арттыру

Ауылдық жерде кадрлық әлеуетті арттыру ауылдық жерде жұмыс істеуге және тұруға келген әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кешен мамандарын көтерме жәрдемақы төлеу және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру түрінде мемлекеттік қолдауды көздейді.

Осы бағытты мемлекеттік қолдау қолданыстағы "Дипломмен ауылға!" жобасы мен облыстарды дамыту бағдарламалары шеңберінде жалғасатын болады.

Мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейінің енгізілуіне байланысты ауылдық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерді қосу мүмкіндігімен "Дипломмен ауылға!" жобасына қатысушылар контингентін белгіленген тәртіппен кеңейту мәселесі пысықталатын болады.

Шекара маңындағы ауылдық аумақтарды дамыту

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу:

1) шекара маңындағы аудандардың әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыру;

2) шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын дамыту және абаттандыру;

3) шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру және шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Көрсетілген бағыттарды іске асыру мемлекеттік бағдарламаларға, шекара маңы ынтымақтастығының инфрақұрылымын дамыту, өндірісті әртараптандыруды жүзеге асыру, шағын бизнестің қалыптасуын ынталандыру, жергілікті инвестициялық ахуалды жақсарту және бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту және бюджеттен тыс көздерді тарту арқылы облыстар мен аудандардың аумақтарын дамыту бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Шекара маңындағы аудандардың әкімшілік-аумақтық маңыздылығын арттыру мақсатында:

1) Мемлекеттік шекарадан 50 км дейінгі қашықтықта орналасқан шекара маңындағы ауданының орталықтарын және тірек АЕМ-ді басым дамыту;

2) көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, қолда бар көліктік және транзиттік дәліздер арқылы жүк ағындарын ұлғайту;

3) туристік-рекреациялық объектілерді, туристік инфрақұрылымды салу (реконструкциялау) және пайдалану, туризм саласындағы өңірлік және шекара маңындағы ақпараттық жүйелерді дамыту және өзара іс-қимыл жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құру;

4) жаңа технологияларға негізделген өнеркәсіпті, экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту, сауда мен экспорт ауқымын кеңейту, озық басқару тәжірибесін енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Білім мен ғылымды, денсаулық сақтауды дамыту, "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламалары, облыстарды дамыту бағдарламалары шеңберінде шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының, әсіресе жастардың адами капиталын арттыру бойынша қосымша шаралар іске асырылатын болады. Бұл шекара маңындағы аумақтарындағы ауыл жастарының ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Шекара маңындағы аумақтардан кетуді тежеу және тіпті олардың тұрғындарының санын арттыру бойынша арнайы шаралар қабылданбайды. Бұл ретте ағымдағы жұмыспен қамту жөніндегі шаралар қолданыстағы кәсіпкерлік және халықты жұмыспен қамту бағдарламалары шеңберінде шешілетін болады.

Шекара маңы ынтымақтастығы пункттерінің инфрақұрылымын дамыту және жайластыру мақсатында:

1) кедендік және шекаралық инфрақұрылымды дамыту, шекаралық өткелдердің, оңайлатылған өткізу пункттерінің, бақылау-өткізу және кеден бекеттерінің, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық, фитосанитариялық және басқа да бақылау органдарының материалдық-техникалық жарақтандырылу деңгейін арттыру;

2) шекаралық, кедендік, иммиграциялық, экологиялық, фитосанитариялық және бақылаудың өзге де түрлерінің рәсімдерін жетілдіру;

3) өткізу қабілетін арттыру мақсатында Мемлекеттік шекара арқылы өткізуді ұйымдастырудың технологиялық схемасын жетілдіру;

4) экспорттық және импорттық операцияларды ресімдеу мерзімдерін қысқартуға, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін электрондық құжат айналымы және автоматты сәйкестендіру жүйесімен жасақтауға, кеден қоймалары мен терминалдарын жаңғыртуға ықпал ететін жағдайлар жасау шаралары қабылданатын болады.

Шекара маңындағы аумақтардың экономикасын әртараптандыру және шағын және орта бизнесті дамыту:

1) шекара маңындағы аумақтарда бар резервтерді және пайдаланылмайтын шаруашылық активтерді (айналымнан шығарылған, тоқтап тұрған өндірістерді және басқаларды), пайдалы қазбаларды экономикалық айналымға тарту және қолда бар инженерлік және көлік инфрақұрылымын тиімді пайдалану;

2) өңірлерде бар ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмайтын жерлерді (егістіктер, оның ішінде суармалы жерлер, жайылымдар, шабындықтар, көпжылдық екпелер, тынайған жерлер) экономикалық айналымға тарту;

3) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді арттыруға, оны дайындау мен сақтауды ұйымдастыруға бағытталған мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларды іске асыру;

4) шекара маңындағы аумақтардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында өңіраралық өзара тиімді байланыстар орнату, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кооперациясы, құрылыс, қаржы, технологиялармен алмасу саласына және шектес мемлекеттердің заңнамасы мен шекара маңындағы аумақтардың режимдеріне қайшы келмейтін басқа да салаларға инвестициялар тарту мақсатында шарттар жасасу;

5) шекаралас елдердің озық технологияларын, қазіргі заманғы машиналары мен жабдығын пайдалану арқылы шекара маңындағы сауданы, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша шаралар қабылдау арқылы жүзеге асыралатын болады.

Жалпы, бұл шаралар тұрғындарды жұмыспен қамту үшін қосымша мүмкіндіктерді ұйымдастыруға (құрылыс, халыққа қызмет көрсету, туризмді ұйымдастыру саласындағы жұмысқа тұрғындарды тартуға), сондай-ақ елдің транзиттік-көліктік әлеуетін арттыру және инвестицияларды, оның ішінде МЖӘ қағидаттарында тарту үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Қажетті ресурстар

Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.

млн. теңге

| | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл |
|-----------------------|----------|----------|----------|----------|----------|----------|
| РБ* | 95 636 | 123 151 | 66 415 | 16 348 | 15 736 | |
| ЖБ* | 6 742 | 34 981 | 10 885 | 22 128 | 19 884 | |
| Бюджеттен тыс қаражат | 15 | 305 | 318 | 275 | 58 | |
| Барлық қаражат | 102 393 | 158 437 | 77 618 | 38 751 | 35 678 | |

* Қаражат көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті

қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің бекітілуі мен нақтылануына қарай нақтыланатын болады.

Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына 1-қосымша

Қалалық елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі

| Р/с № | Объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) атауы | Көрсеткіш | Объектілердің базалық қуаты және сапа көрсеткіштері |
|-------|---|--|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жалпы білім беретін мектептер | тұрғындар санына және тиесілі контингентке байланысты | 1 мың адамға 130 орын; білім және ғылым саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген құрылыс, санитариялық-гигиеналық нормалары мен қағидаларына, бұйрықтарына сәйкес |
| 2 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары | тұрғындар санына және тиісті контингентке байланысты | 1 мың адамға 30 орын; білім және ғылым саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген құрылыс, санитариялық-гигиеналық нормалары мен қағидаларына, бұйрықтарына сәйкес |
| 3 | Әртүрлі жастағы балалардың бос уақытын өткізуіне, дамуына және демалуына бағытталған қосымша білім беру ұйымдары** | тұрғындар қажеттілігіне сәйкес | Балаларды дамыту үшін үйірмелер мен секцияларға қолжетімділік |
| 4 | Амбулаториялық-емханалық, стационарлық және жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері | тұрғындар санына және ағымдағы қажеттілікке байланысты | Денсаулық сақтау саласындағы орталық уәкілетті органның бекітілген құрылыс, санитариялық-гигиеналық нормалары мен қағидаларына, бұйрықтарына сәйкес |
| | | | |

| | | | |
|----|--|--------------------------------|---|
| 5 | Дәріханалар** | тұрғындар қажеттілігіне сәйкес | тәулік бойы жұмыс істейтін дәріханалардың болуы |
| 6 | Кітапханалар * | тұрғындар санына байланысты | 20 мың адамға 1 кітапхана; 2 оқырман орнына 4000 сақтау бірлігі |
| 7 | Қоғамдық орталықтар (Коммьюнити орталығы) - тұрғындардың бос уақытын өткізуге арналған үй-жайлар, қызығушылықтар бойынша клубтар, отбасылық және балалар клубтары, тұрғындар жиналысын өткізуге арналған үй-жайлар** | тұрғындар қажеттілігіне сәйкес | жалпы ауданы 300 м ² (wi-fi аймағы және компьютерлік техникасы бар ойын бөлмелері, кемінде 3 жұмыскер (психолог, балалармен жұмыс жөніндегі маман, қызмет көрсетуші персонал) |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
